

КИБЕРМОББИГ

КІРІСПЕ

Тақырытың өзектілігі. Әлемде ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты Ғаламтор және электронды – есептеуіш машиналар арқылы мәдени-ментальді «қылмыс» түрлері үлкен қарқынға ие болды. Бұл әрекеттердің себебі – әлеуметтік-психологиялық және мәдениеттанулық ғылымдардың аталмыш тақырып бойынша әлі де зерттеулердің жетіспеушілігі болып табылады. Қоғамның жаппай компьютерленуіне қарай келесідей факторлар қалыптасады:

1) қылмыстық және деструктивті идеялы топтардың қоғамға жаңа технологиялар арқылы енуі мен интеграциялануына жол ашылды;

2) көптеген «қалыптасқан қылмыстардың» ендігі жерде масштабы және тұтылу мүмкіндігінің төмендігіне байланысты олар өз әрекеттерін одан да жоғары деңгейге көтерілуіне мүдделі бола түсті;

3) ақпараттық кеңістіктің пайда болуы, қоғамдық байланыстардың ол платформаларда жиі әрі бұқаралық сипатта болған соң, жаңа «қылмыстардың» негізі қаланады, аталған кибер моббинг сынды физикалық және физиологиялық салдары білінбесе де, интеллектуальды салдары үлкен деңгейге дейін көтерілуі мүмкін.

Қоғамның негізгі моральдық-этикалық принциптеріне өзгеріс енгізіп, профессионализм мен объективизм принциптерінен алыс «нормаларды» қалыптастырып жүрген «патриоттар» мен «ұлт жанашырлары» бүгінгі Қазақстан мысалында анық көрініске ие, діни-сенімдік жүйелердің санаға сыймайтын формаларын «қажет» деп бекітіп, қоғамда сырт әлемнен ада мемлекет құрғысы келіп жүргендер үшін бұл «ақпараттық» қарудың орны ерекше. Ал заманауи технологиялардың прогрессивтік потенциалын бағамдасақ, ол инкультурация және акультурациялық процестерді қалыптастыра алады, «бір өлшемді» қоғам жасауда алдыңғы орында болады, сол себепті, мәселенің өзектілігі түсінікті.

Жұмыс мақсаты және міндеті: Мәдениеттанулық еңбектер негізінде «бір өлшемді» және «бұқаралық адам» түсініктерін заманауи интерпретацияға икемдеу арқылы орын алып отырған мәселелердің ғылыми негізін анықтау (Г. Маркузе, Хосе Ортега-и-Гассет, О.Шпенглер). Сонымен қатар, аталмыш мәселе айналасында өзге мемлекеттер тәжірибесін қарастыру мәселесін қарастыру қажет, АҚШ және ҚХР, Ресей Федерациясының қабылдап, іске асырып жатқан бағдарламаларын зерттеу негізінде тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін іздеу. Негізгі міндет ретінде – анық тарихи және мәдени ақиқатты аталмыш мәселе арқылы жаңа деңгейге көтеру, насихаттау және дамыту.

Жұмыстың негізгі зерттеу объектісі.XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар дәуірі ретінде, қазіргі таңда, ғаламтор желісі мәселенің негізгі объектісі болып отыр. Мәселенің төркініне үңілсек, тарихта тұтас халықтар мен мемлекеттер, тіпті, ұлттардың жер бетінен жойылып немесе өрлеуінің маңызды факторы – дұрыс немесе бұрыс жүргізілген ақпараттық саясат, әрине, бұрынырақта ғаламтордың болмағаны белгілі, сәйкесінше, ақпарат туралы ой қозғаудың өзі қисынсыз дейтіндер де болар, бірақ, ақпарат әр кезеңде болған және бола береді, бастысы-ол ақпараттардың ақиқаттылық деңгейі және өңделуі. Яғни, ақпараттық желілерді қамтитын жүйелердің бірегейі – әлеуметтік желілер. Ғаламтор желісі, қазіргі таңда, ең актуальды ақпарат алмасу орталығы, кеңістігі ретінде зерттеуді қажет етеді. «Демократиялық принциптер» деп Батыс елдері әлемге жар салып, ол «принциптерге» сай келмеген елдердің қоғамына принциптердің қандай екенін түсіндіру үшін осы кеңістікті пайдаланады, бірақ, «әр елдің салты басқа...» деген сөздің бар екенін білмесе керек, әлемдік демократия құрлысшысы ролін иемденіп алған сияқты, бірақ, халықаралық изоляция жарылау – XXI ғасырда мемлекеттік суицидпен тең, тек «дұрыс» және «халықаралық құқық» нормаларының шегінде қарым-қатынас қажет. Өзге мемлекет екінші мемлекетке «өмір сүру» стандарттарын енгізу процесін жүргізсе аталмыш принциптер мен құқықтардың ақиқаттылық дәрежесіне күмән туады. Ал, ғаламтор, сәйкесінше әлеуметтік желілер аталмыш функциялардың негізгі орталығына айналып отыр.

Жұмыстың жаңашылдығы мен зерттелу деңгейі. Тақырыпты зерттеу барысында үш үлкен медиа кеңістікті қарастырдық, жергілікті, пост кеңестік елдердің ортақ ақпараттық жүйесі және батыс әлемінің медиа кеңістігін салыстыра отырып, үш түрлі ақпараттық саясаттың ерекшеліктерін ескере отырып қорытынды жасауға мүмкіндік туды. Бұл мәселе әлемдік қызығушылық туғызып, тез арада шешім шығару мәселесі күн тәртібінде әрдайым басты мәселелердің қатарында келеді. Белгілі бір жаңалық, оқиға немесе қоғамдық әрекеттердің интерпретациялануы, бастысы оның «дұрыс» деңгейде өңделу мәселесі – медиа кеңістік өкілдерінің қолданушылардың алдындағы міндеті. Ақпаратты қаз-қалпында жеткізу қоғамдық моральдық-этикалық принциптерге, көп жағдайда, сай келмеуі мүмкін. «Ақпараттық баланс» мәселесі де өзекті, бір мемлекеттегі «ғажап» жетістіктерді әрдайым пропагандалау, сол кезекте, өзге мемлекеттің «масқаралау» әрекеттері өте жиі кездесуде, бұл өз кезегінде жоғары деңгейдегі интеграция туғызу дәрежесі төмен, тіпті, қарама-қайшы ойларды туғызуы мүмкін. Еш негізсіз «ұлттық» артықшылықтар, иррационалды патриотизм және деструктивті әрекеттерге бастау болып отырғандар да аз емес. Тіл, ұлт және дін сынды әрдайым назарға ие мәселелерді оған еш қатысы жоқ, арнайы білімін айтпағанның өзінде, жеке адамгершілік қасиеттеріне сұрақтар бар кейбір «қоғам қайраткерлері» өздеріне ол мәселелерді қоғамдық, мемлекеттік деңгейде «өз ойын» айту миссиянын алып жүр. Реалды «жоғары» білім алу мәселесі ушығып тұрған шақта жоғарыда айтылған сипатқа ие азаматтардың іс-әрекеттері қоғам үшін аса қауіпті. Бұрын соңды «қоғам қайраткері» атты атақты мемлекеттік деңгейдегі бақылау процесі арқылы

берілетін-ді, қазір аталмыш сипатты тұлғалардың санын бағамдасақ, «идеалды» альтруизмге толы қоғам болуы керек-ті, неге екені белгісіз, мүмкін белгілі, аталмыш сипаттан алшақ жатады. «Қайраткер» функциясын қазіргі таңда «блогерлер, ғаламтор жұлдыздары» атқарады. Ал, заманауи технологиялардың қолжетімділік дәрежесінің жоғары екенін назарға алсақ, әр адамның «қайраткер» болуына мүмкіндігі бар. Тек тікелей революция немесе соғыс әрекетіне шақырмаған ақпараттардың зерттелуі аса маңызды, ол тіпті, масштабы жағынан алдыңғы екеуінен де асып түсуі мүмкін.

Осы тұрғыда, әлемдік және қазақ ғылымындағы мәдениеттанулық еңбектерді барынша бір ортаға тоғыстырып, ортақ адамзаттық ойларды жинақтадық. Алғашқы мәдениеттанулық еңбектер жазып, ақиқат тарихты зерртеуді мақта еткен, қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейдегі екенін дәлеледеу мақсатында ғұмырын жіберген Шоқан Уалиханов, бірінші қазақ мәдениеттанушысы деген атаққа лайық деп білеміз. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында алғаш мектеп ашқан тұлға, орыс тілін үйретуге арналған оқулық жазған еңбегі де елеулі, қазақ рухани мәдениетінің негізін салушы Абай еңбектері мен философиялық ойларына да мән бердік. Әуезхан Қодар аудармашы және мәдениеттанушы ежелгі түркі мәдениеті, қазіргі қазақ қоғамының жағдайы мен түзеуге тиіс жерлерін зерттеп, зерделеп жазған еңбектеріне назар қойдық, Тұрсын Ғабитовтың қазақ мәдениетін зерттеудегі еңбегі аса маңызды, «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде қазақ мәдениетінің мәдени бастауларынан жаһандану үдерісіндегі қазақстандық мәдениетке дейінгі ойларын қарастырдық, қазақ ағартушыларына деген жаңа көзқарас қалыптастыруда аталмыш еңбектің орны ерекше, мәдени антропологияның негізгі мектептері мен бағыттарын анықтау мақсатында А.Жолдубаева және Қ.Затовтың аталмыш тақырыпқа байланыты еңбегіне мән бердік. Исмагамбетова З. «Психоаналитические концепции культуры» атты еңбегінде З.Фрейд және К.Юнгтың мәдениет феноменіне берген түсіндірмелерін де қарастырдық. Маргиналдык мәдениет қазіргі әлем мәселесі ретінде Масалимова А. осы тақырыпқа қатысты еңбектерін қарастырдық. Оған қоса, Маклюэн, Тоффлер, Шиллер, Рошкофф, Лебон, Зиновьев, Луман, Маркузе, Тойнби, Хантингтон, Делез, Ницше, Фрейд сынды мәдениеттанушы ғалымдардың да еңбектерін зерттедік, ортақ кибермоббинг мәселесіне байланысты түсініктер мен ақпараттарды осы жұмыста жинастырып, мәдениеттанулық шешім беруге талпындық.

1 АҚПАРАТТЫҚ – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МӘДЕНИ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

1.1 Кибермоббинг заманауи мәдениеттегі «феномен» ретінде (Герберт Маркузе «Бірөлшемді адам», «Медиа» түсінігі, «ақпараттық» мәдениет)

Кибермоббинг, интернет – буллинг және өзге осыған ұқсас терминдер мен түсініктердің негізінде бір мағына – ғаламтор және өзге цифрлық құралдар арқылы таралатын әлеуметтік және психо-мәдени, саяси-идеологиялық «зиянды» немесе объективтілік пен гуманизмнен алшақ ақпараттардың ортақ жиыны атты жатыр. Кейбір зерттеушілердің ойына жүгінсек, кибермоббинг индивидке қасақана бағытталған интеллектуалдық дискомфорт тудырушы құбылыс, екінші бір зерттеушілер, мәселен, Джастин Патчин өз кезегінде, бұл жоспарлы түрде іске асырылып отыратын электрондық процес дегенге тоқтайды.

Кибермоббинг – өте жанды және актуальды құбылыс ретінде көптеген зерттеулерге арқау болды, көбіне, teenager немесе «өтпелі кезең» деген атауға ие мектеп және «жас» категориясына кіретін барлық топтарға үлкен әсер етуші деп есептеледі, негізгі себебі - психикалық децентрация, яғни, тек бір жақты қарау. Аталған теріс әрекеттерді жүзеге асырушыларды «мобберлер» немесе «буллилер» деп атайды. Кибермоббинг қандай деңгейде және кімдер оның адресаты болатынын бағамдап көрелік: жалпы алғанда, бұл процес белгілі уақыт және цикл аралағында провакциялық сипатқа ие ақпараттар мен интерпретациялық мәтіндер, негізсіз жеке басқа қатысты ақпараттар және қорқытулар, әдеуметтік изоляцияға дейін апаратын әрекеттер мен материалдық және физикалық шығындалуға әкеліп соқтыратын қадамдар жиыны. Бұл әрекеттер географиялық және уақыттық, аудиториялық шекараларға ие емес, «онлайн» платформада 24 сағат, аптаның 7 күні бойы процес жүрісін тоқтатпайды, бір сөзбен ақпараттық кеңістікке шыққан бір ақпарат, видеоматериал, фото және бейнелік формаға ие жүйе сандық кеңістікте еркін таралып, бақылау және жолын кесу әрекеттерді жеміссіз болып жатады. «Аноним» немесе жасырын болатын әрекет иелері манипуляция жасау уақытын ұзаққа дейін созып өз «құрбанын» психологиялық және эмоционалдық қысымда ұстайды, сәйкесінше, өзі қалаған әрекеттерді өміршең ете алады.

Кибермоббингтік әрекеттер көбіне саналық және психологиялық әлеуметтік және жастық топтарға бағытталады, негізгі тақырып қолданушының сыртқы физикалық ерекшеліктеріне қарсы эпсаналық қатынастан туады. Көбіне 11 – 16 жас аралығындағы жас өспірімдер құрайды, пародоксалды жағдай – әлеуметтік ортаға әбден бейімделіп төселген индивидтер көбіне осындай әрекеттердің құрбанына айналып жатады, бейімделу деңгейі төмен топтар да бұл процестен тыс қалмайтыны сөзсіз, яғни, бұл жалпы қоғамға ортақ мәселе, проблема емес, шешімін табу жолдарын қарастыру әселесі өзінен – өзі түсінікті.

Кибермоббинг классификациясы бойынша түрлі сипаттарға ие, тіпті бұл «феномен» жеке бас және локальды деңгейден ары дамып, халықаралық,

планетарлық маңызды дертке айналуда, негізінен үлкен саяси мүддені көздейтін мақсатты идеялар да бар:

– Жеке тұлғаға бағытталған негізді-негізсіз айыптаулар мен қорқытушылық ақпараттар (қоғамның өзі туралы ойы деп бағаланатын бұл әрекеттер тұлғаның сол қоғамды немесе тұлғаны жек көрушілік сезімдерін туғызып, түрлі социопаттық әрекеттерге итермелейді);

– жеке психологияға әсер ететін ақпараттар (түрлі күйзеліс немесе түсініксіз сезімде жүрген тұлғалар үшін теріс немесе қисынсыз ақпараттар легі оның одан әрі күйзеліске итермелеп моральді-этикалық тұрғыдан теріс әрекеттерге итермелеуі мүмкін);

– теріс діни уағыз-насихат жүргізу (дін адам үшін аса маңызды мәселе болып табылатындықтан бұрыс діни ақпарат теріс жолға жетелейді, яғни түрді секталар мен ағымдарға еріп кету мүмкіндігінің жоғарылығы, қоғам мен мемлекет үшін оның салдары аса зардапты болуы мүмкін);

– арнаулы аудиторияға бағытталған ақпараттар (жасөспірімдердің әлі де толық қалыптаспаған санасына бағытталған теріс және негативті мейнстримдер мен челленджер арқылы суицидке дейін апаратын ақпараттар);

– мемлекеттік саясатты мәнді-мәнсіз сыни көзқарастарды қасақана енгізу (саясат әр уақытта маңызға ие тақырып ретінде әрдайым қоғамдық талқыға түсуі заңды құбылыс десек, оны үлкен деңгейге дейін көтермелеп, әрине, негативті сипатта теріс әрекеттерге шақыру, ұрандар тастау, қаржылық тәуелсіздікке кепілдік беру т.б. Мысалы Украинадағы және «Араб көктемі» атты Египет еліндегі жағдай, халыққа сол ғаламтор арқылы тек митингке үгіттеп, аяғында кімнің –кім, ненің не, ағы мен қарасын табу мүмкіндігінің жоқтығы);

– түрлі ұлттық-этникалық, нәсілдік сепаратизмге шақыру (бір мемлекет ішінде әр түрлі этностардың арасындағы қарым-қатынастарындағы әрекеттерді бұзу, іріткі салу арқылы саяси тұрақсыз жағдайға итермелеу, мысалы, Ресейдегі скинхэдтардың “Ресей –орыстар үшін” ұраны арқылы орыс емес этностарға қысым көрсету арқылы сепаратизмға итермелеу, немесе түрлі фашистік ұрандарды қайта жаңғырту, шовинстік көзқарастарды тарату, тройболистік оқиғалар келтіру. Естен шығаруға болмайтын мәселе -теріс ұлт, халы, мемлекет болмайды, тек теріс адам ғана болады).

Белгілі болып отырғандай бұл түсінік аса кеңге қанат жайған, оны тоқтату немесе мүлде жою – барлық цифрлық құралдарды қоғамнан аластау сынды, мүмкін еместің қасы, бірақ, әрекеттер жоқ емес.

Заңды сұрақ, Неге? Кімдер? Не мақсат? Жүргізілген зертеулер мен психологиялық және мәдениеттанулық теориялар негізінде дәлелдеп және негіздеп көрелік:

1. Қорқыныш (белгілі бір «беделге» ие топтар арасына ену арқылы қоғамда өзіндік орын іздеу)

2. «Танымал» болу (өзі өмір сүретін ортадан белгілі бір «назарды» талап ету)

3. Мәдениетаралық алуантүрлілік (мәдениеттің ұлттық ерекшеліктері, салт – сананың өзгелігі, тілдік барьерлердің пайда болуы және сыртқы физикалық немесе физиологиялық әр тектілік)

4. Жұмыссыздық (уақыт өткізу мақсатында белгілі бір құбылыстарға коментарий беру, негізінде негативті сипатта)

5. «Күш» көрсету (өзгенің алдында өзінің «артықшылықтарын» тарату және соның негізінде өзіндік қанағаттануға қол жеткізу)

6. Өзге арқылы өз кемшілігін жасыру (психологиялық проблемалардың негізінде адам немесе «моббер» өзінің ішкі саналық мәселесінің шешімін іздеу)

7. Жеке бас дағдарысы (жеке өміріндегі жолы болмаған немесе отбасылық, қызметтік және сезімдік дағдарыстың салдарынан)

Аталып өткен мәселенің себебін анықтағаннан соң, салдарын бағамдау заңды әрекет:

1. Кибермоббингтік әрекеттің құрбаны болған адам немесе жүйе кейінде аса үлкен әлеуметтік қысымға ұшырайды, күш көрсетушілік, суицидтік ойлар мен әрекеттер жиі орын алады, берілген жалған ақпараттың өзін факт ретінде қабылдап, аналитикалық қасиеттерді жоғалтады.

2. Қоғамда және тұлғаралақ қатынас орнату білу «скиллы» өте төмен деңгейге түседі, өзара сенім мәселесі де қиын жағдайда болады.

3. Аталмыш әрекеттің құрбаны социопаттық формаға ие бола отырып, ендігі жерде, өзі де сол «буллерлік» әрекетке көшеді, яғни «өш алу» қажеттілігі туындайды.

Заманауи адам ақпараттарды негізінен массмедиа көмегімен алады. Ақпараттық лек маңызды саяси шешімдерге әсер етеді, ой қалыптастырады. БАҚ өкілдері адамға әр тараптан қол жеткізеді, сәйкесінше, күнделікті өмірге үлкен коррективалар енгізеді. Жыл сайын ондаған, тіпті, жүздеген жаңадан медиа кеңістікте сөздер мен сөз тіркестері пайда болады, коммуникация орнату белгілі бір деңгейде қиынға түсе бастайды. Заманауи ақпараттық толқын қоғамдық сана қалыптастыратын сипатқа ие, мәдени норма мен стандарттарды ойға енгізеді. Аталмыш толқынның кейбір аспектілерін қайта қарау мәселесі өзекті болып отыр. Осындай аспектілердің бірі әрі бірегейі – мәдениет, оны көбіне медиамәдениет деп атайды, себебі, ондағы негізгі орынды бұқаралық медиа алады. Медиамәдениет және кибермоббинг ұғымдары ғылым үшін жаңа ұғым болып есептеледі, сол себепті, ол жоғары деңгейдегі интерпретацияға зәру. Түрлі медиа (ғаламтор, радио, теледидар, газеттер және т.б.) медиа мәдениеттің құрамдас бөліктері болып табылады, ол адамды қоршаған ортамен байланыстырады, әр құбылысқа баға беруге көмектеседі [1, 10 б.]. Медиа орасан зор көлемдегі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік берді, ақпараттық кеңістікті жаһандандырды, ойлаудың жаңа бұқаралық формасына бейімдеді. Ақпараттық қоғамда адам медиаиндустриямен жиі кездеседі. Бүгінгі таңда, ғалымдардың пікірінше медиа мәдениет адам дамуының негізі [2, 227 б.]. Осыған орай, заманауи адам ғаламдық ақпараттық кеңістікте медиа мәтін қалыптастырумен қатар, оның жалпы өмірге әсерін бағамдау маңызды.

Сәйкесінше, ақпараттық уақытта медиа мәдениет саясат, экономика және білім беру сынды бөлімдерге орасан зор әсерге ие.

Тарихи тұрғыдан, біздің заманымыздың бірінші мың жылдығындағы технологиялық революция қоғамның жаңа материалдық негізін қалады. Жаһандану процесі барысында ұлттық экономикалар бірікті, өзара тәуелді болды, сондай-ақ, мемлекет пен қоғам арасында жаңа қатынас орнатты. Теле және видео желілер, ғаламтор санаулы минуттар ішінде ақпарат алмасуға мүмкіндік туғызды. Мәселен, М. Маклюэнның пікірінше, «электронды қалқан қаптаған ғаламдық ауыл» болмақ[3]. Ғаламшар көлемі саналы түрде кішірейіп, әр «тұрғын» бірін-бірі таниды, қажетті ақпаратқа қолын жеткізе алады. Электромагнитті толқындардың ашылуының негізінде әр индивид пассивті немесе активті болсын жер шарының кез-келген континентте, нүктесінде бола алады. Түрлі зерттеушілердің пікірінше, қоғамдық дамуға әсеріне түрлі пікір білдіреді. Мысалы, американдық ғалым Э.Тоффлер пікірінше, тарих үздіксіз толқын іспеттес, біздің дәуір екі толқынның арасында, «ақпараттық» және «индустриалды», ескі стандарттар жойылып, жаңа құндылықтар қалыптасып үлгермеген сәтте барлық адамзат «ақпараттық қоғамға» аяқ басады[4]. Тоффлер сыни тұрғыдан екінші «индустриалды» кезеңді қарастырады, себебі, ғылыми-техникалық прогресс қоғамдық институттардың бөлінуіне әкеліп соқты: ерекшелікке ұмтылу және жеке бас пайдасына ұмтылу, стандартизация (унификация), халықтың өндіріс аймақтарда интеграциялануы. «Үшінші толқын» адамзатты индустриалды қоғамға дейінгі өркениетке қайта оралтуы керек еді, бірақ технологиялық кезеңде медиа маңызды орын алады. Нақ медиа кеңістік адамзатты бір бағытта біріктіре алатын жалғыз мүмкіндік болып отыр. Келесі бір американдық ғалым Герберт Шиллер медиа мәдениет жайында өз ойын "Манипуляторы сознание" атты еңбегінде білдірді. Атауының өзінен ақ еңбектің мазмұны түсінікті, қоғамдық манипулятор. БАҚ біздің іс-әрекетімізге дейін анықтап отырады [5]. Шиллер бір-бірімен еш байланыссыз ақпараттар тым көп лекте беретін радио, теледидар, газеттерге үлкен сын білдіреді. Жарнама функцияларын (теледидардағы) екі мағынада түсіндіреді: біріншіден, қажетті-қажетсіз тауар мен қызмет түрлерін насихаттайды, екіншіден, медиа мәтінді түрлі бөліктерге бөліп, сана толықтығына негативті әсер етеді. Әлеуметтік жүйе жылдамдығымен өз мәнін жоғалтады. Телебағдарламалардың сансыз көптігі мен уақыты ой дамуына өзінің кері әсерін тигізетіні белгілі. Сыни санаға үлкен «тоқтау» салушылардың қатаында теле индустрия жатыр. Олардың негізгі әрі соңғы міндеті – көрермендердің сыни және экономикалық сананы жою. Осы тұрғыдан Шиллердің әріптесі ретінде американдық ғалым зерттеуші-әлеуметтанушы Дуглас Рашкофты атап өтсек болады. Оның ойынша, халық олар ойлағаннан әлдеқайда саналы, сәйкесінше, олар беретін ақпараттардың шын мәнін және жүргізетін бақылау процесстерін жақсы түсінеді, символдық тілді шебер меңгерген[6]. «Медиа вирустар» адам санасына саяси, моральдық және әлеуметтік негізде әсер етеді, одан негізгі қорғаныс ретінде – сыни көзқарас. Ал, компьютер, ойындар, фото және видеокұралдарға қатысты ойы бойынша, қоғамдық қонақ үйлер мен «мектептегі би кештерінің»

орнын алмастырды. Егер социумға топ ретінде қарасақ, әсіресе психологиялық аспектісіне назар аударсақ, кибер моббингтің қоғамдық санаға әсерін бағамдау қиындық тудырмайды. Оның негізін түсіну мақсатында француз психологы Г. Лебонның "Психология народов и масс" атты еңбегіне ден қойсақ. Орталық назарға лайық ой «қолдан шебер жасалған формулалар үлкен магиялық күшке ие болып, топтағы тұлғалардың жанына зор әрекеттерге итермелейді...» [7]. Сондай-ақ, Лебон қоғамның әрдайым иллюзия әлемінде өмір сүрді, кім сол иллюзияларды бақылау қасиетіне ие болатын болса, ол сол қоғамды басқарады. Сондықтан, Лебон ойын замануи әлеуметтік-мәдени жағдайға икемдер болсақ, медиа мәдениет қоғамдық ойды қалыптастырушы басты факторлардың бірі. Яғни, БАҚ-тың қажетті манипуляция үшін оңайлықпен иллюзия ойлап табуы әп сәтте. Тағы бір үлкен «ақпараттық қоғамның» сыншыларының бірі – орыс жазушысы Александр Зиновьев. Өзінің "Запад. Феномен западнизма" атты еңбегінде аталмыш мәселе жайында негізгі миф «жаңа замандағы интеллектуалдық революция» жайында». Зиновьев ойынша, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу позитивті салдарға апармайды: «Жасанды интеллект адамның табиғи интеллектуалды дамуына кедергі жасайды» [8]. Адамдар өзара алмасатын ақпараттардың мазмұндық сапасына назар аударсақ, жартысынан көбі мәнсіз. Осыған орай, адамдардың өзара сұхбат құруына зауқы соқпайды. Ақпарат қажеті жоқ қоқысқа айналғандай, бірақ, ол неғұрлым уақыт өткен сайын, көбеймесе азаймайтыны белгілі. Зиновьев медианаң 4 негізгі функциясы қатарына: теледидар, "сана манипуляторы", орасан зор халықты білімнен алшақ ұстауда; медиа қоғамның әр шығармашылық-интеллектуалдық еңбектерін өзіне иемденеді; медиа саясаткерлерге мінбер береді, саяси шоулар көрсетеді; және соңғысы, медиа – бұл қоғам және мемлекет үшін "рупор" болып табылады. Байқағанымыздай, ақпараттық қоғамды біреулер қолдап, жарқын болашақ күтсе, екіншілері оны сынаудан аянбақ емес, дейтұрғанымен де, қоғамға қажетті ақпараттық кеңістік қалыптасты. Ол өз функциясын өзге әлеуметтік институттармен бірдей атқарады. Аталмыш ойды дамытушы неміс әлеуметтанушысы Никлас Луман «Біз білетін қоғам, тіпті, әлемді сол медиа арқылы білеміз, бұл тек тарих пен қоғамнан бұрын, табиғаттың өзін де сол арқылы білдік. Біз стратосфера туралы Платон Атлантида жайында білгендей білдік, «адамдардың айтуынша», екінші жағынан, медиа жайында естігенімізге байланысты оларға сенудің қажетсіздігін білеміз. Біз өзімізді манипуляцияға ұшырып отырмыз деп қарсылық білдіреміз, бірақ бұл ештеңені өзгерпейді, алған біліміз өзін-өзі сүйеп, мықты конструкция құрап отыр» [9]. Бұқаралық медианың функцияларының көптігі соншалық, одан позитивті болсын, негативті жақтарын да айтуға болады. Бір белгілісі, медианың қазіргі таңда алатын орны үлкен және түсініксіз, себебі, бұл процесс өте белсенді, барған сайын оның масштабы кеңейіп, зерттеу қиынға түсіп отыр. Қорытынды ретіне, медиа мәдениет заманауи әлеуметті-мәдени ортада үлкен әсерге ие, ол ғылым мен техниканың дамуымен бірге дамып отырады. Маклюэнның «Ғаламдық ауыл» аздап өзінің шекарасын кішірейтті, медиатеchnика арқылы таралған ақпарат санаулы секундтардың ішінде жер

шарын айналып шығады. Кез-келген адам теледидар алдында отырып ақ белгілі бір жаңалықты біле алады, оның өзге қалады болуы немесе басқа континетте болғанының маңызы жоқ. Медиамәдениет ақпарат шекараларды бұзады, ол өзінің бойында негативті қасиетті сыйдыруы да мүмкін. Ең үлкені – манипуляция, олар иллюзиядан аянып қалмасы анық, сансыз симулякрлар, қажетсіз қажеттіліктер, әлеуметтік мифтер арқылы адамды тұтынушыға айналдырады. Сол себепті де аталмыш мәдиа «феномен» атауына ие. Посткеңестік мемлекеттердегі медиа жағдайы ұқсас, жеке пайда ерекше модель қалыптастырды. Көптеген БАҚ өкілдері тәуелсіз статуска ие бола тұра саясаткерлер мен бизнесмендердің қолында. Бұл жерде идеологиялық манипуляция жағы маңызды болып отыр. Мәселен, медиа тек аұхқпараттық функция емес, сонымен қатар, жастардың шығармашылық қабілетін ашудағы орны ерекше, фото және видео, өңдеу мәселелері. Медиа білім беру мәселесі қазір актуальдылыққа ие. Адам қазіргі заманда бай-қуатты болғысы келсе, медиа кеңістікте жақсы жол табуы қажет.

Зерттеулерге сүйенсек, ХХІ ғасырда өркениеттің даму бағыттарының бірі – жаңа ақпараттық мәдениет қалыптастыру, ол барлық ғылыми-техникалық жаңалықтармен бір деңгейде болуы қажет. Тарих көрсеткендей, қғамдық мәдениетке лайық жаңалықтар мен өнертабыстар ғана келешекте прогреске ұшырап отырды. Сол себепті нақ қоғамның ақпараттық мәдениеті оның жемісті дамуының негізі бола алады, ол әр елдің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық қауіпсіздігінің көрсеткіші бола алады. Ақпараттық қоғамға қадам басқаннан кейін жаңа категория – ақпараттық мәдениет енгізілді. Ақпараттық мәдениет – ақпаратты жоғары деңгейде өңдеп заманауи технологиялар арқылы тарату. Жаңа заманда адамның ақпараттық мәдениеті келесі аспектілерден көрініс табады:

- Түрлі технологияларды пайдалана білу;
- Телефоннан персоналды компьютерге дейін тарату;
- Ақпараттық технологияларды шебер пайдалану;
- Газеттен, компьютерлік коммуникациялардан ақпарат таба білу;
- Ақпаратты өңдеу әдістерін меңгеру;
- Ақпаратты түсінікті деңгейде жеткізе білу;
- Графикалық, мәтіндік, кестелік, видео және аудио ақпараттармен жұмыс жасай білу;
- Ақпараттық қоғамның орнауы.

Ақпараттық қоғам – ақпараттың көлемі мен оның қолжетімділігі, еркіндік дәрежесі. Бұл түсінікпен постиндустриалдық адамзаттың өркениеті байланысты. Индустриалдық қоғаммен салыстырсақ, тауар өндіру мен оны пайдаланғаннан көрі ақпараттық қоғамда интеллект өндірісі мен оны тұтыну, яғни, ой еңбегін талап ететін уақыт болып есептеледі. Адамнан шығармашылыққа бейімділік және білім талап етіледі. Қол еңбегі азайып, бірқалыпты білім процессі қысқарады. Нәтижесінде, шығармашылық қабілетке сұраныс артып, «адамға – адамшылық, машинаға – машиналық» атты түсінік қалыптасады. Қоғамның дамуына материалдық өндірістен ақпарат өндірісі

маңыздырақ болып есептеледі. Ал материалдық өнім ақпараттық тұрғыдан кеңейеді, оның негізінде, инновациялық, дизайндық және маркетингтік даму байқалады. Өзге кезеңдерден басты ерекшелік – білімді пайдалану мен желілік технологияларды пайдалану басты орында болады.

Қазіргі кезде, ақпараттық білім мен мәдениет түсінігі ұлттық шекараларды асып, ғаламдық көлемде таралуда. Осыған орай, азаматтарды ақпараттық ұйымдастыруға бейімдеу маңызды. Кітапханалар мен білім алу орындары осыған тікелей жауапты болып табылады. Ақпараттық мәдениетке даярлаушы мәселені көтеріп, оқушылар, студенттер және өнер қайраткерлерін оқыту көзделгені жөн. Бұл процесс индивидуалды деңгейде әр адамның психофизиологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып іске асуы тиіс.

Аталмыш мәселені мәдениеттанулық еңбек негізінде талқыласақ, Герберт Маркузе бұл процестерге алғышарт туғызған кезеңді «Бір өлшемді», «Бірөлшемді ойлау», «Альтернатива мүмкіндігі» атты атаулар келтірген. Сәйкесінше, заманауи қоғамның «орталық ойларын техникаға сүйене отырып, заман ағамының жоғары стандарттарын пайдалана отырып тежейтіні» белгілі, ал ол өз кезегінде қоғамның «сапалы» өзгерістерге ұшырауына жол бермейді [10]. Қоғамның «сыни ойлауы» оппозиция болуын тоқтатты. «Бостандыққа» ұмтылатын әрекеттер тежелді, бұқаралық «стандарттар», «жалған» құндылықтар пайда бола бастады. Заманауи қоғам тоталитарлық әрекеттерді экономикалық негізде іске асырылады. Оның түбінде адам баласының табиғатты «бағындыруға» бағытталған «технологиялық» жоба жатыр. Бұл жолдың альтернативті нұсқа жоқ. Ол пайда болу үшін «Ұлы бас тарту» процесі қажет. Бір өлшемді ойлау қалыптасқан қоғамда жаңа ойлар мен әрекеттер «түншықтырылып» отыратыны белгілі. дамыған индустрияның «күлдары» одан әрі сол әрекеттерін жалғастырмаса, ол кемімейді. «Екі өлшемді мәдениет» ұғымын «бірөлшемді» ойлау басты. XX ғасырдағы негізі идея – «бірөлшемділік» қоғамдық-саяси салалардың барлығын қамтыған. Нақты бір мәселенің нақты бір орталығы болмаған соң адамзат әрдайым бір мүмкін болатын «оқыс» жағдайға дайын жүреді, сәйкесінше, Шығыс - Батыстан, Батыс - Шығыстан бір қауіпті күтумен болады. Бейбіт өмір тұсында үлкен «қарулар» жасай отырып, қорғайтын да, шабуылдайтын да деформацияға ұшырайтыны белгілі. Егер индустриалды қоғам даму шегіне үздіксіз ұмтылатын болса, онда жоғарыда айтылған іс-әрекеттердің деңгейі мен масштабы өсе беретіні түсінікті. Қорғаныш жүйесі неғұрлым дами берген сайын адам баласының табиғаға қатынасы тұтынушылық сипатта болады, табиғатты басқару атты иррационалды сезімге жетелейді. Осындай қажеттілігі төмен ақпараттар мен іс-әрекеттер арасында БАҚ өкілдері өздеріне қажет деген ақпараттың барлығын таратуға, беруге әбден мүмкін. Сол арада кибермоббинг әрекеттері де өзіндік орынға ие болатыны белгілі. Яғни, саяси мақсат – адамның жеке ой-мақсаттарына айналады, ал ол қоғамдық жетістіктер мен бизнес саласының дамуына алып келеді. Дейтұрғанымен де, бұл қоғам нағыз «дұрыс» ойдан ада, оның өндіруші күші адами қажеттіліктер мен еркіндігіне зиянын тигізеді, оның бейбіт өміріне әрдайым соғыс қаупі төніп тұрады, ал оның жеке дамуы көбіне

мемлекеттік, ұлттық және индивидуалды факторларға байланысты болады. Бұл репрессия алдыңғы тарихи кезеңде орын алған оқиғалармен салыстырғанда, бүгінгі таңда табиғи және технологиялық формада қарағанда күшке негізделгенге ұқсайды. Адамзат баласы әлі бұндай көлемдегі интеллектуалдық және материалдық құндылықтарға ешқашан ие болмаған, қоғамның жеке адамға дәл осындай үлкен әсер етуші күшке ие болмаған.

Адам өмірі - оны сүруге тұрады деген ой болатыны рас. Мүмкін бұл ой өмір сапасын жақсартуға бағытталған шығар. Дипломдық жұмыс негізінен сыни формада болғандықтан, эмпирикалық мысалдарға, объективті шындық дәрежесіне жетуі қажет. Заманауи қоғам белгілі бір интеллектуалдық қорға ие, осы жетістіктерді қалайша қоғам игілігіне жаратуға болады деген ойлар келеді, қоғамдық теория ешқашан тарихи теория бола алмасы анық, сол себепті ең оптималды шешім қабылдау үшін уақыт қажет. Бұл мүмкіндіктер өзгерістерге шамасы мен білімі жететін қоғам практикалық тұрғыдан жүзеге асыруы қажет. Одан бөлек, негізгі топтардың да мүддесіне сай болуы қажет. Әлеуметтік-мәдени теорияны тарихи альтернативті ойлар мен идеялар қоғамды жоғары деңгейде қызықтырады, негізгі тенденция мен күшке ие болып келеді. Белгілі бір кезеңде ол өзгерістер жүзеге аса бастаған тұста тарихтың салмағы арта түседі. Бірақ, ХХІ ғасырда техникалық прогрессті сынау негізді болмауы мүмкін, ол қазіргі таңда, барлық координациялық және өмір мен билік жүйелерін қамтиды. Заманауи қоғам үлкен институттық өзгерістерге дайын емес, себебі, қалыптасатын жаңа құрылым олардың ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтады. Бұл қабілет индустриалды қоғам ерекшеліктеріне сай, Ұлттық идея, екі партиялы жүйе және бизнес пен еңбек арасындағы мықты мемлекетке деген сенім. Сыни пікірдің негізі әлдеқашан өзгерген, тек жалпы салыстыру индустриалды қоғам қалыптаса бастаған кезең мен қазіргі уақытқа салыстырмалы талдау негізсіз болуы әбден мүмкін. Бұл ойлар тарихи екі үлкен саяси бір-біріне қарама-қарсы буржуазия мен пролетариаттан бастау алған. Бірақ, капиталистік қоғамда олар әлі де үлкен салмаққа ие, капиталистік даму олардың функциялары мен құрылымдарын өзгерткені сонша, олар тарихи кезеңнің өкілдері болуын тоқтатқан.

Кибермоббинг – негізгі өзінің «мекені» ретінде әлеуметтік желілер болып есептеледі. Желілер миллиондаған адамның өміріне терең бойлап, үлкен импакт-факторға ие болып отыр. Қазіргі таңдағы ең жоғары көрестекішке ие болып отырған әлеуметтік желілерге назар аударсақ. Facebook әлемдегі ең танымал желі – 2 млрд (1968млн.) Екінші көрсеткішке мессенджер WhatsApp – 1200 млн адам аудиторияны қамтып отыр, одан кейін видеохостинг YouTube – 1000 млн. Көріп отырғанымыздай, бұл әлемдегі ғаламтор желісі қол жетімді тұлғалардың барлығында дерлік бұл желілерді пайдаланады. Ондағы берілген ақпараттардың «күшін» осы арқылы көре аламыз. Ал кейінгі орындарға WeChat және QQ (WhatsApp желісінің Қытайдағы аналогы) – 868 млн., Instagram (фото және видео материал алмасу мақсатында қолданылады) – 600 млн., QZone (Қытайдағы алып әлеуметтік желі) – 595 млн., Tumblr (микроблог желісі) – 550 млн., Twitter (желілік микроблог) – 319 млн. Бұлардан бөлек: Sina Weibo – 313

млн., Baidu Tieba – 300 млн., Snapchat – 300 млн., Skype – 300 млн., Viber – 260 млн., LINE – 220 млн., Pinterest – 150 млн., YY – 122 млн., LinkedIn – 106 млн., Telegram – 100 млн., BBM – 100 млн., VKontakte – 95, Kakaotalk – 49 млн құрайды. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау әлдеқашан заманауи адамдардың дағдасына айналған. Олар өздерінің мәселелерінің шешімдерін, сұрақтарына жауаптарын, жеке көңіл-күйлерін, қуанышты сәттерін, соғғы жаңалықтарды, туысқандары мен достарымен хабарласып, біліп-бөлісіп отырады. Бұндай белсенділік бағдарлама жасаушылардың назарынан тыс қалған жоқ, әркім өзінің өнімін жарнамалап, танымалдылыққа ие болғысы келеді.

Facebook – желісін ай сайын 2 млрд. адам пайдаланады, жас бизнесмен Марк Цукерберг жобалаған бұл желі аналогтары арасындағы ең танымалы әрі көлемдісі. Осындай көлемдегі қызығушылық Фейсбук қызметкерлерінің әр қолданушыға жеке қатынас орнатуына әкеліп отыр. Сол себепті, бүгінгі таңда 60-тан артық тілде аталмыш вэб-ресурс таралған, әлем адамдары өзара қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік алды. Ешқандай экономикалық дағдарыс пен жанжалдарға қарамастан, Facebook желісі белсенді дамып, өзіне жаңа қолданушыларды тартуда. Ал, негізгі құрышысы Цукерберг табыстың едәуір бөлігін қайырымдылыққа жұмсап, одан әрі қолданушы тартуда. DW documentary зерттуінде, Фейсбук қолданушыларының конфиденциалды ақпараттары АҚШ Мем.Деп қол жеткізгені белгілі болып, Цукерберг, тіпті, сот алдында жауап та берген болатын. Байқағанымыздай, әлеуметтік желілердің үлкен бақылау және манипуляция құралы екені белгілі болып отыр, АҚШ Президент науқанына да бұл желінің қатысты деген ойлар да айтылуды.

Twitter – бұл желіге қызығушылық аталмыш желісінің қолдану қарапайымдылығында болып табылады, хабарлама алу жылдамдығына да байланысты. Көбінесе, желілердің танымал болуының басты критерийі – қолдану жеңілдігінде. Санаулы секундтардың ішінде тіркеліп, ақпараттар мен қызық қосымшалар арасындағы тұңғыққа батасызда кетесіз, бастысы «жүзе» білгеніңіз маңызды.

Instagram – 700 млн. қолданушысы бар кең көлемдегі фото және видеоматериал орталығы болып табылады. Қазақстандағы аталмыш желінің белсенді қолданушылары барша посткеңестік мемлекеттер арасында анағұрлым көп болып табылады. Қазіргі таңда, Инстаграм желісінң ерекше мәдениеті қалыптасты, қазақстандық «вайн» жобалар үлкен танымалдылыққа ие болып, Ресей және Қырғызстан сынды мемлекеттердің жастарын біріктіруші жобаға айналды. Yuframe, Jokeasses, Queex және т.б білімді және креативті қазақ жастары үлкен заманауи-қоғамдық тақырыптарға арнайы мәні бар сатиралық видеолар түсіру арқылы аудитория жинап отыр, қазіргі уақытта жеке бизнес пен шығармашылық жетістіктерге жетуде. Тағы бір үлкен әлеуметтік сервис құрамына енетін Youtube (миллиард юзер бар), бұл желі арқылы видеоматериалдың ең үлкен қоры болып табылады. Қазіргі уақытта актуальды түрде осы желілердің әсері соншалық, оларды мелекеттік қауіпсіздік деңгейінде қарастырып, бұғаттап және шектеу арқылы бақылау орнатып жатқан жағдайлар

да бар, мәселен, Telegram желісінің бұғатталып ТМД көлемінде үлкен толқулар болғаны рас.

Әлеуметтік желілердің өзі қазір өте көп, таңдай құқығы бар қолданушы ол желілердің әрдайым дамына себепкер болып табылады, бәсекелестік нәтижесінде ол желілер дамып, қолданушыларға тек ең озығын ғана таңдау мәселесі қалады. Тек аталмыш желілердің даму және жаңару барысында заңдарды қадағалар, ұстануында мұқият болуы тиіс. Жалпы ортақ тенденция бойынша, әлеуметтік желілердің негізгі «мекен-жайы» Америка Құрама Штаттары болып есептеледі, кейінгі кездее қытайлық желілер жоғары деңгейде даму үстінде. Халық саны өскен сайын желілерге деген сұраныс арта беретіні сөзсіз, сол себепті нақты «сапалы» өнім бұрынғыдан да қажеттік коэффициенті өсе түседі.

Мәселен, коммунистік қоғамда техникалық прогресс қоғамды біріктіргені соншалық, ешқандай «өзгеріс» туралы ой да болмаған, нақты бір агенттер мен әлеуметтік күштердің жоқтығы сапалы өзгерістерге басты кедергі рөлін атқарады, сыни пікір барлық негізден айырылып, жоққа шығарылады. Тіпті ең практика-эмпирикалық тарихи альтернативалар жеке адамның немесе топтың мүддесі айналасында қалып қояды. Сонымен, сыни теориялардың қажеттілігі қаншалықты деген заңды сұрақ туады, ал ол өз кезегінде, қазіргі уақыт өзге кезеңдерден анағұрлым өзгерістерді қажет етеді деген позицияны ұстанады. Кім үшін? Жауабы бесенеден белгілі: қоғам және оның әр мүшесіне. Өркендеген өндіріс пен күшейген жоюшылық әрекеттер өзара одақ құрған, құрудың қылдай шекарасында ғана ғана баланс ұстануда, өзінің ойы үшін өзі жауапкершілік алмау, байлықтың алдындағы кедейлік мәселесі алдымызда әлі тұр. Оның рационалды эффектілігі негізінде иррационалды. Қоғам өзі қажетсіз деп есептеген құбылыстың өзін сол қоғамның қысымымен қабылдаса, онда соңғысының рөлін мойындамасқа амал жоқ. Ақиқат пен жалған сананың арасындағы айырмашылық әлі де кете қойған жоқ, бірақ соған жақын, адамдар соны сезініп дұрыс өмірге қарай жол бастауы қажет. Бұл мақсат олар сол құбылыстардың болу қажеттілігін сезінген кезде ғана орын алады, позитивті ойлардан арылып, тұтыну мәселесін қайта қарап және оның қаншалықты қажет екенін түсінген кезде белгілі бір өзгерістерге жол ашылады. ХІХ ғасырдағы Еуропа қоғамының қарама-қайшы формалары болған, ол негативті және оппозициялық сипатта болған. Жалпы «қоғам» сөзінің өзі әлеуметтік және саяси қарама-қайшылықтарға ие болған, «индивид», «жекеменшік», «тап» түсініктері де толық интеграцияға ие болмаған. Бұл категорияларға сыни бағытта қайта талдау жасау о бастан регреске бастау болып көрінуі мүмкін, бірақ, идеологиялық сипатта бұл идея позитивтілік пен негативтілікке де ие болуы тиіс, қоғамдағы продуктивті және деструктивті тенденцияларды да қамтуы тиіс. Біз бұл құбылысты бүгінгі қоғамнан байқап отырмыз, осы нәрсе біздің негізгі мәселеміз болып табылады. Негізгі міндет – сол қоғамның мүмкіндіктерін толық бағамдай білу. Бұл екімағыналылық одан өткен фундаментальды екі ойлылыққа алып барады. Маркузе еңбегінде осы мәселелер бір-біріне кереғар гипотизалардан тұрады:

– Индустриалды қоғам сапалы өзгерістерді болдырмаудың иммунитетіне ие;

– Аталмыш ұстамдылықты жоятын тенденциялар мен күштердің барлығы.

Бұл жерде нақты бір көзқарасты ұстану қиын, бірінші теория үлкен күшке ие, оны үлкен «дүмпулер» де өзгерте алмайды, оны адам өзі және өз ойы біріге отырып түсінетін деңгейге жетпеген кезге дейін. Негізгі ой – индустриалды қоғам төңірегінде, онда болып жатқан және бола алатын құбылыстар жайында, оның әсерінің деңгейі мен салдары және кибер моббинг деген атауға ие әрекет факторларға байланысты. Оның техникалық аппараты мен үйлестіру үлкен орталықтық жүйе форматында болуы рас. Бұл қоғамда өндіріс аппараты тоталитарлық сипатқа ие болып, әлеуметтік қажеттіліктерден асып, индивидуалдық қажеттіліктер мен ұмтылыстарға әсер етеді. Нәтижесінде, жеке және әлеуметтік айырмашылықтар жойылып, адам өзі-өзіне кері әсер етуші болып шыға келеді. Технология, өз кезегінде жаңа әлеуметтік стандарттардың орнығып, олардың қоғамлық сипат алуына жауапты. Бұл тоталитарлық жүйенің негізінде технологияларға байланысты «нейтральды» көзқарас ұстану мүмкіндігі жойылып бара жатыр. Технологияны ендігі жерде изоляциялық бұрғыда пайдалануға болмайды. Қоғам өз өмірін өзі реттейтін еркін таңдаулардың қатарында тарихи альтернатива және материалды-интеллектуалды мәдениет бар. Ал таңдау еркіндігі доминатты рөлге ие факторларға байланысты. Ол бойынша адам мен табиғатты, басқасын былай қойғанда, пайданумен түсіндіріліп, іске асыру «жобаларының» біріне айналып отыр. Сам же выбор является результатом игры доминирующих интересов. Бірақ, жоба өзіне тым үлкеен жауапкершілікті алуға құмар, қоғам дамуын түбегейлі басқаруға үмітті. Тезнологиялық универсум ретінде индустриалды қоғам ең алдымен саяси универсум болып табылады, ал табиғат жобаның соңғы бөлігі ретінде билік көзіне айналдыру жатыр. Өзінің масштабы бойынша бұл жоба интеллектуалды және материалды мәдениетті қалыптастырушы рөлде болады. Мәдениет, саясат және экономика технологияның көмегімен бір ортақ жүйеге айналады, барлық альтернативаларды ол жояды, белгілі бір топтардың қажеттілігі шегінде прогресс жүріп отырады. Технологиялық рационалдылық саяси рационалдылық болып шыға келеді. Маркузе тұжырымның негізінде – қоғамдық ой өзінің қалауымен ғана белгілі бір өзгерістер мен жаңашылдықты қаласа ғана нәтиже болатыны белгілі болып отыр. Екінші бір маңызды бөлім – қоғамның жағдайы, оның интеллектуальды және мәдени деңгейі. Қазақстан жаңа заманға тәуелсіз мемлекет ретінде қадам басты, саяси аренада өзіндік орнын қалыптастырып та үлгерді, ал оның қоғамының деңгейі қандай деген ой келетіні белгілі. Қазақстан қоғамы қазіргі таңда үлкен 3 топқа бөлінгені белгілі:

1. «Ұлттық» идеяны қолдайтын альтернативті тарих, мәдениет және ой атты түсініктерден алшақ топ. Сыртқы әлем көрінісінен еш хабары жоқ, болғанның өзінде оны қажетті деңгейде аналиткадан өткізетін деңгей жетіспейді. Негізгі «қалқан» ретінде ұлттық тіл мен дінді пайдаланады. Ешқандай тарихи және мәдени құндылықтарға жақын емес идеялар мен ұрандар тастап, объективтілік пен политкорректілік деген түсініктерден ада.

Тарихи-табиғи тән құбылыстарды жоққа шығарып «Ұлы көшпенділердің» жұтаң «мұрагерлері» болып табылып отыр, профессионалдылық пен толеранттылық деген түсініктер оларға бөтен. Ұлттық идея – мемлекеттің дамуы мен өзіндік ерекшелігі үшін қажет, тек мәселе ол идеяны жүргізіп жүргендер кімдер екенінде. Жарқын өкілдері, барлық «ұлттық» статуска ие телеарналар, өздерін «қазақ эстрадасының жұлдыздары» деген атаққа лайықпыз дейтіндер және «қоғам қайраткері» ролін иемденіп алған өзге де тұлғалар.

2. «Орыс тілді» объективті, жаңашылдыққа ұмтылатын және қоғамға «шын жанашыр» топ өкілдері. Тарих және мәдениет деген қасиетті түсініктердің қадірін білетін, сөз бен іс мәніне көңіл қоятын, адамгершілікті алдымен ең негізгі қасиет деп түсінетіндер. Заманауи жаңалықтар мен құбылыстарға дұрыс баға беріп, қажеттісін іріктеп жүзеге асырғысы келетін топ өкілдері. Қазақ мәдениетін шын мәнісінде жоғары белеске көтеруге потенциалы жоғары тұлғалар. Негізгі өкілдері: Олжас Сүлейменов (АЗиЯ, Невада – Семей қозғалысы, «Адамға табын жер енді»), Ауэзхан Кодар («Тамыр» журналы) А-студио (90- жылдары барша Кеңестер Одағына танымал «Дала битлдары» атағына ие болған, Байғали Серкебаев, Батырхан Шүкенов), Мюзикола (Болат Сыздықов), этно рок стилінде сапалы музыка шығаратын «Үркер» тобы («Наурыз», «Алматы» және «Сәулем-ай», Айдос Сағатов)

3. Әлем азаматы немесе «космополиттік» көзқарастағы жастар өкілдері. ХХІ ғасырда мәдени изоляцияға ұшырау стогнацияға бастайды, ал оның соңы қандай екені белгілі. Бұл топ өкілдері Батыстық тұрғыда дамып, ағылшын тілді ортамен қарым-қатынас орнатып, ЖОО бойынша шет елдерде оқу арқылы негізгі ойларын жүзеге асырады. Отанға деген қажетті деңгейдегі махаббат азаматтар мен азаматшалар «еркін және прогрессивті» қоғамда өмір сүруді қалайды. Жаңа заманда адам мамандық таңдау барысында өзі ұнататын, қалайтын мамандығын таңдайтын болды, батыстық бұл түсінік жеке дамуға аса маңызды, жұмыс істеу арқылы даму атты форма біздің қоғам үшін таңсық, біз қоғамдық пікірге сүйену арқылы қажетсіз, нарықта сұранысқа ие емес, тек бренды үшін таңдайтын уақыт өткені белгілі. Бұл космополиттік ойдың себебі – ХХІ ғасырда адам баласы climate change, democracy issues, ecological problems және өзге де пацифистік қозғалыстар көп уақытта аталмыш идеялар өркендейді. Бейбіт өмір үшін соғыс әрекеттерін жүргізу ақылға қонымсыз әрекет екені белгілі болса да, тұтас мемлекеттер қазіргі таңда сол бейбіт өмір іздеуде. Аталмыш топтың өкілдері творчестволық салады өздерін іске асыруда.

Аталмыш топтар бүгінгі қазақстандық қоғамда бірлесе әрекет етіп жүр деу қиын, дейтұрғанымен де, үш топтың да бір-біріне берері көп, бір ортақ мүдде үшін өзіндік негізді-негіссіз принциптерді жояр болса азаматтық-құқықтық қоғам құру анағұрлым оңайға түскен болар еді. Аталмыш мәселені тереңірек зерттеу мақсатында, Тұрсын Ғабитовтың «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегіне назар аударсақ. Қазіргі қазақстандық мәдениеттегі негізгі мәдени-әлеуметтік типтерге көшейік. 1991 жылы Қазақстан жеке дара мемлекет статусына ие болды. Постиндустриалдық кезеңдегі әдеп негіздері: тұлға мен қауымның, әлеуметтік тұтастық үлкен өзгерістерге ұшырағаны белгілі.

Ақпараттық қоғам уақытында индивидуализация үлкен қарқынға ие болды. Бұрын соңды орын алған ұжымдық формалар өз күшінен айырылды. «Индивидуалдану» жағдайындағы теңсіздік таптық сипатынан айырылып, тұлғалық белсенділік пен жасапмаздыққа негізделе бастады. Марксизм тілімен айтқанда, тапсыз капитализм орнықты, индивид әлеуметтік реттелген қатынастар аймағынан шығып, өзінің өмірін айқындаудың орталығына айнала бастады»[11]. Постиндустриалдық қоғам орнағанына байланыты отбасылық құндылықтарға да үлкен өзгерістер енді. Жеке амбицияға байланысты отбасылық мәселелер тасада қалып жатты. Келісімді некелер көбейіп, гендрлік бөліністер жиіледі. Мәдени-әлеуметтік тип ғылым саласында қалыптасқан қағидалардын бұрын өмірлік идеяларды жалпылу маңыздырақ. Архаикалық тип, мәдени идентификация адамның белгілі нақты мәдени ортада өзінің сана-сезіміне байланысты. Адам өмірге келгеннен бастаптуған ортасына сай тәрбиеленеді, инкультурация процесінен өтеді. Мәдениеттің ескі кезеңдерін қайта жаңғырту мен дамыту – архаизм атына ие. Басқаша, дәстүршілдік, ортодокстық, фундаменталистік сынды сөздермен біріктіреді. Мәселен, А.Тойнби бұл процесстің негізінде өмірде: тевтонизм идеясымен арийлік ұлт ойы фашистік-корпоротивтік мемлекет құру, иврит тілін қайта жаңғырту және Үндістандағы санскрит тілін түлету сынды. Бүгінгі таңда, Қазақстанда отаршылық және тоталитарлық мәдени құндылықтардың негізсіздігі белгілі болып, азаматтық қоғамның орнына жеті аталық жүйе, ру тайпалық бөлініс, исламның орнына шаманизм және тәңіршілдікті қайта жаңғырту сынды. Адам өзінің шығу тегін, ата-бабсын білсе оның айыптылық деңгейі төмен, қазақстандық тәжірибенің жүздік-рулық «бөліністер» мәселесі жабулы қазан кейпінде, негізінде, қазанның бар бағалысы ішінде. Мысалы, дамыған Еуропа және Таяу Шығыс мемлекеттерінің өзінде бұндай құбылыстар бар: Испанияда – Барселона-каталондықтар, Баскония-Баскілер, Германия – Бавария-Баварлықтар, Италия-Флоренциялықтар, Тоскандықтар, Сицилиялықтар сынды, Израиль-Еврейлер мен израильдіктер, бірақ, көріп отырғанымыздай олар бұл рулық-фамилиялық ерекшелікті кемістік емес, қайта жетістік деп қабылдап, өркениеттің жоғары деңгейіне жетіп отыр. Қазақтың басына біткен үлкен бақ және сор – жүзге бөліну, неге заманауи медициналық үлкен аурулардың себептері, рулық байланыстар мен гендік артықшылық жақтарын айтқанның орнына, тек бөліну деп сипатталады. Ол бөліністерді тудырып жүргендердің өздеріне адамгершілік тұрғыдан сұрақтар бар, олар ру мәселесін өз мақсат-мүддесіне пайдаланғандықтан, кейін аталмыш идеялар қысқартылды. Адам өз ата-бабасын қадір тұтып, табиғатпен гармонияда өмір сүрсе одан артық дұрыс іс болмас. Мәңгүрттік типке өз тарихи жадынан айырылған, тарихи-мәдени санадан ада топ өкілдері жатады. Көбіне, олар саяси қысым және отарлау жүйесіне байланысты. Салт-дәстүр мен руханилықтың тамырынан айырылған, миссионерлік әрекет, төлтума жазу жүйесін өзгерту сынды. Айта кететін жайт, миссионерлік әрекеттер бүгінде үлкен актуальдылыққа ие болып отыр, түркі мәдениетінің мұрагерлері, Ұлы даланың иелері күшпен енгізілген дінге бас ұрып, әлемдегі үлкен потенциалға ие жердің, халықтың иесі бола тұра таңның

атысы, күннің батысы Құбылаға еріксіз байлануы – шынында мұңды жайт. Одан бөлек, отбасылық, адамдық құндылықтардың қажеттілігін сезінбеу сынды қарапайым адами қасиеттерден ада. Маргиналдық мәдени тип өкілдері – америкаэлеуметтанушысы Р. Парк енгізген, ол бойынша, «шетте қалғандар» деп түсіндірген, мінез-құлқында тынымсыздық, агрессиялық, сенімсіздік орнаған американ мулаттарын атаған. Бар мәдени стандарттармен өмір сүріп, жаңа ортаға келгендер оған үйренісе алмай, қалқанды өмір сүреді. Қазақстандық қоғамда маргинал ұғымы орыс тілді ерекшелігіне байланысты. Америкалық қоғамда олар «элеуметтік аутсайдер» болса, ал біздің қоғамда оларды аталмыш сипатқа қоса алмаймыз, қайта керісінше, олар көбіне қоғамның шын мәнінде дамуына мүдделі, онысын міндеттемей өз ісімен ғана профессионалды тұрғыдан атқарады. Сонымен қатар, еуразиялық тип өкілдері де Қазақстандық мысалда көрініс тапқан. Бұл тип негізінде С.Хантингтонның «Өркениеттер жанжалы» атты еңбегі негіз бола алады, яғни, әр «супер» статусына ие өркениет шекараларында тұрақсыздық ошақтары болады. Қазақстан православиелік және конфуцийлік өркениеттердің арасында орын тепкен. Посткеңестік өзге мемлекеттермен салыстырғанда, Қазақстан анағұрлым тұрақты саяси және мәдени жағдайда. Тарихи кезеңдердің негізінде қазақ және орыс мәдениеттері өзара қатынас құрып, қазақ мәдениеті үлкен өзгерістерге ұшырады. Әрине, бүгінгі таңдағы маңызды болып отырған – тіл мәселесі «орыс тілді» қазақтарды құрады. Елтанушы Тәтімов ойынша: Маңайлап айтар болсақ, қазақ қоғамы арасында қазақ тіліне қайта оралу мәселелері көтеріліп жатыр, оған демографиялық фактор жақсы әсер етуде, аталмыш тенденция жалғасу үшін соған жағдай жасау қажеттігін айтқан. Негізгі қозғаушы күш – демографиялық өсім мәселені өзімен-өзі шешетінін келтірген.

Сондай-ақ, тілден айырылған ұлт өзінің ұлттылығынан айырылады деп айту да жөнсіз, мәселен, шотландар мен ирлан ұлтының өкілдері ағылшын тілін пайдаланғанымен, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалып отыр. Еуразиялық типтің өкілдері ретінде батыстық өркениет пен ұлттық мәдениет ерекшеліктерін сақтай білгендер тобы. Зерттеулер нәтижесінде қазақ мәдениетінің өзге нормалармен диалогқа икемді екеін анықтаған. Аталмыш мәселе бойынша ҚР Президенті Н.Назарбаевтің: «Біз өзіміздің мәдени тамырларымыздан едәуір ажырап қалдық. Бұл жақсы ма, жаман ба, өз алдына мәселе» ойын өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде білдірген. Байқағанымыздай, ХХІ ғасырда адам түрлі мәдениеттер арасында ғұмыр кешеді, сәйкесінше, ол неғұрлым байланысты қолдай және ұстана алса, соғұрлым элеуметте лидерлік қасиеттерге ие болатыны белгілі болып отыр. Еврейлердің қазіргі мемлекеттік және ұлттық жағдайына қарай отырып, олардың негізгі 2 жолын атап өтейік: біріншісі – берілмейтін зилоттық айланы пайдалану арқылы, екіншісі – жауды өзінің қаруымен заласышдандыру әдісі. Аталмыш процесстер әлем тарихы Ресей, Жапония және Қытайдың тәжірибесін атауға болады, І Петр реформалары бойынша ескі сенімдегілер мен славянофильдердің арасындағы ерекшеліктер. Жапония және Қытай батыс

мәдениетінің экспанциясына басқа жолмен төтеп берді, материалдық жетістіктерді одан әрі дамытып, ал рухани негізді сақтап қалды, әсіресе, Жапонияның «Кайдзен» жүйесін тілге тие кетсек болады. Кибермоббингтік әрекеттердің ең ауыр формасы ретінде қазіргі кездегі ұлттық және діни-сенімдік негізде дискриминациялық құбылыстар көп болып есептеледі. Фашистердің неофашистік құрылымдар, расизм және радикалды діни ағымдар сынды актуальды, соңы террористік және геноцидтік жанжалдарға апарып жатқаны да бар, соңғы Мьянмадағы, Үндістан және Пәкістан арасындағы этникалық жанжал, Босния және Герцоговинадағы радикалистік әрекеттер, ДАИШ сынды адамзатқа қарсы ұйымдардың өрлеуі – өзгенің тарихын былай қоғанда, өз тамырын білмегендіктен, аталмыш ұйымдармен жанжалдарға еріп кете барады, әрине, оған өзге де экономикалық, әлеуметтік, саяси факторлардың әсері бар, дейтұрғанымен де, мәдени негіз маңыздырақ. Тарихқа көз салсақ, Ұлы Жібек Жолы аталмыш типтің ең жарқын мысалы бола алады. Бұл типке осыншалық көңіл бөлі себепіміз, нақты еуразиялық тип қазіргі қазақстандық қоғамда мемлекеттік маңызы бар шешімдерге әсер етедіктен, қазақы және орыс тілді мәдениет өкілдері арасында да ұқсастықтар бар, отаршылдық және осыған ұқсас әрекеттер болған-ды, бірақ, халықтар және адамзат достығы сынды нәрселер тек ұран болған жоқ, тұтас халықтардың жоғары адамгершілік қасиеттері мен этикалық принциптері жоғары стандарттар болды. Ендігі жерде, аталмыш топ өкілдері өздерінің мүмкіндігін пайдалану үшін дәстүрлі мәдениетке енуі тиіс, олай болмаған күнде, рухани және шығармашылық қайнар көздердің таусылуы әбден мүмкін, ал маргиналдық пен шығармашылық бір ортаға тоқтай алмайды. Әуезхан Қодардың ойымен айтқанда, қазақ тілі – жалған патриотизмнің қол жаулығы болып қалды, қате түрде, ал орыс тілі – қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейге көтерудегі ролы жоғары болып табылады.

Осы тұрғыда қазақтың мәдениеттанулық-философиялық мәселелерімен айналысқан тұлғалар жайында айта өтсек. Қазақ ағартушыларына еуропалық ғылыми белгілер тән, дейтұрғанымен де, өзіндік ерекшеліктерде аз емес. Ағартушылық мәдениеттің негізгі механизмі – адамның өзі болып табылады. Шоқан Уалиханов сыртқы әлемге «дала адамын» нақты таныстырғысы келді. Осы мақсат негізінде ол қазақ және қырғыз халықтарының мәдениетін, миф-аңыздарын, дәстүрі, дінін, тілін зерттеді. «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының ескі аңыз адамдары», «Қашқария туралы жазбалар», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» түркі халықтарына мәдени сипаттама берілген. Шоқан тек қазақ ағартушысы емес, үлкен ренессанстық тұлға. Мәдениеттанулық дихотомия бойынша Батыс пен Шығыстың арақатынасын зерттеу мәселесімен айналысқан. Патшалық Ресейде білім алып, Черняев экспедициясына қатысады, Қашқарияға тәукепке басын тігіп барады. Бірқатар орыс ғалымдарымен достық қатынаста болғандықтан, Еуропа мәдениетімен танысты. Негізгі мақсаты – өз халықының мәдениетін ақиқатты түрде зерттеп, әлемдік мәдениеттер қатарына кіргізу. Омбыда оқыған шақта екі түрлі Ресейдің барын түсінді, бірі, озық ойлы космополиттер болса, екіншісі, тонағыш және отаршыл, Қазақ жеріне

байланысты саясатқа әрдайым күдкпен қарайтын болды. Белгілі бір кездерде әділеттілікке қол жеткізу мақсатында сұлтан болғысы келетінін де айтқан. Тағы бір үлкен мәселе, әсіресе, бүгінгі таңда, мұсылмандық мәселесі. Христиандық дінге бас ұрғыза алмайтынын түсінген Патша үкіметі, ислам дінінің өзіне қажет жақтарын пайдалану мақсатында татар және Бұхар молдаларын жіберген. Шоқан осы мәселеге қиналып, орыс-қазақ мектептерін ашуды талап етеді, ол атеист, анти исламшыл деуден аулақ болу қажет, ол тек өз халқының шын тарихы мен болашағы үшін күресті. Мәдениеттанушы Оралтай Білал бір сөзінде, намаз оқымаған адамға дүре соқтыру туралы жарлықтың Екатерина II иесі болғанын да айта кеткен. Қазақ арасында кең таралған тәңірлік пен шамандықтың әсерін дұрыс бағамдап, исламға қарсы шығудың мәні аз екенін айтады, бірақ, қазақ даласында теологиялық қорқыту және ұрып-соғу арқылы енгізуіне қарсы болған. Қазақ мәдениеті өзге тырықшы татар немесе түркі шаруаларынан қарағанда әлдеқайда жоғары екенін дәлеледеген. Шексіз далада еш қамсыз еркін, озық ойлы, сөзге шешен, ұшқыр ойлы деп сипаттайды, оны Тәңірі жаратқандықтан, ақындық қасиеті жағынан барша түркі халықтары арасында бірінші орында.

Қазақ мәдениетіне үлкен қосқан, көп айтыла бермейтін неге екені белгісіз, мүмкін, белгілі – Ыбырай Алтынсарин. Ағарту мәселесіне өте мән берді, практикалық-дидактикалық мәселелерді шеуге тырысқан, орыс тілін үйретуге оқу құралдарын жасады, алғашқы «Қазақ хрестоматиясын» жасаған. Мәдениеттанулық негізде құдалық дәстүрді зерттеуге, қазақ тілінің әдеби негізін салған, адамды жерлеу және еске алу салттарын зерттеу арқылы Ресей географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесіне мүше болып сайланды. Орыстандыру саясатын сынап, өз халқының білімге, мәдениеттілікке шақырған тұлға болды. Ыбырайдың миссионерлік ролінің жоқтығын дәлеледейтін – оның атақты «Кел балалар, оқылық» атты өлеңі, «Бір Құдайға сыйынып...» деп басталатынын ескерсек, әлемде бір Құдай бар екенін, оның есімі Алла бола ма, Христос болсын, бастысы – құдай идеясы бар, олай болса, миссионерлік туралы айтудың мәнсіз. Шығыс Ренессансындағы дін мен білім арасындағы гармонияны тауып, қай дін болсын, адам бірін-бірі сыйлау керектігін айтқан, ал мәдениетсіздікке надандық, жалқаулық және мақтаншақтық жетелейді.

Қазіргі рухани мәдениетінің негізін салушы – философ-ақын Абай. Қазақ мәдениетінің қалыптасуына сыни баға беретейін тұлға қажет еді, өз шығармашылығында бодандыққа түскен халін жырлап, болашағына байланысты күдікті ойлар да бар еді. Осы жағдайға тек қайғырудан бас тартып, нендей кем-кетіктер бар екенін канықтап, одан арылу жолдарын да ашып көрсеткен. Абай фигурасы да үлкен мәселе, кереғар пікірлер де бар. Тоталитарлық жүйе уақытында орыс мәдениетін насихаттады, жер ауып келген интеллигенция өкілдерімен достық қатынас орнатты деген де айыптаулар бар. Өзге бір ой бойынша, феодалист, «діни философ», «пантеист» деген негізсіз айыптаулар бар. Ортағасырда дамыған, озық мәдениет пен төл тарихынан ажырап қалған халықта бар қалғаны фольклор еді, Ресей отарлауына байланысты бұл үдерістер кенжелеп қалды. Көшпелі мәдениет құндылықтары

отарлық әрекеттер шайқалта бастады. Қала инфроқұрылымы пайда болды, батыс Ресейден және шығыстан ислам әсерімен Қазақстанның болашағын жол табуға мәжбүрледі. Абай орыс мәдениетінің техника және біліміне үгіттегенімен, христиан дінінен аулақ болуға шақырды. Абай ислам дінін қазақ қоғамына тұрақты және өркениетті, имандылықты насихаттуға байланысты қолданды. Өзінің 28 сөзінде: «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен... Жөн, біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылы бір кісіге иман парыз дегені қайда қалды, дініміздің бір жасырын тұрған жалғасы жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады» Яғни, Абай тек дінді насихаттаушы деген ой қалыптаспуы тиіс. Оның мұраты – парасат пен мәдениетке қолдаушы ролын ислам жасайды. Алла дүниені жаратқанымен, оның белдігі – адам. Өз шығармашылығында қойып отырған мәселе – мәдени сабақтастық, көшпенді өмір салтына ауыса бастауы, отырықшы еуропалық мәдениетке ден қойды, осы екі арадағы айырмашылықты анықтау қажет еді. Бұрынғы мұра туралы сөз болғанда, ол тек парсы-араб мәдениеті ғана еместігі белгілі. Түркі еліне ншыққан Әл-Фараби, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йассауи, Дулати сынды белгілі ғалым-ғұламалар шығармаларымен Абай таныс болған, бастысы – этностық мәдениеттің насихаттаушысы. Ежелгі мұра мен бұқаралық мәдениеттегі кемшіліктерді де байқап, дінді өз мақсаттарына пайдаланған өкілдерді ді сынға алған. Осы туралы ол өзінің 39-сөзінде «Рас, бұрынғы ата-бабаларымыз бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы және тазалығы төмен болған, бірақ, артық екі мінезі болды». Елдік намыс пен бірлікті тілге тие кеткені белгілі болып отыр. мәселен зар заман ақындарынан айырмашылығы, уайым мен мұнның орнына, көмек жолдарын енгізді. Надандық, еріншектік және залымдықтан арылу арқылы әлемдік мәдениетке қосыла алады.

Жиль Делез «мәдениет» ұғымының философиялық тұрғыдан түсіндірушілердің ішіндегі Ницшенің ізбасары, заманауи мәдениеттің ерекшеліктерін ұғынуда оның ойлары мен идеялары аса маңызды. Постмодернистік қоғам мен мәдениеттің теориялық базасын жасақтаған. Ол Феликс Гваттаримен біріге отырып заманауи мәдениеттің дағдарысқа ұшырағанын негіздеп, түсіндіруге ден қойған. Қоғамдық құндылықтарды қайта қарау, Құдайдың «өлімі», соңғы адам және билікке құмарлық сынды философияның негізгі бастаулары ретінде қарастырды. Бұл түсініктер постмодернистік мәдениеттің дағдарыстың жағдайын нақ айқындайды. Делез өз шығармашылығында сыни көзқарастарды жиі пайдаланды, капиталистік қоғамның кереғар тұстарын, әсіресе, индивидке және қоғамға деген репрессивті қатынасты сынады. «Шизоанализ» атты еңбегінде Делез мәдениет пен қоғамдық стандарттарды қалыптастырушы рационалды бастаулардан бас тарту қажет деп есептейді [12]. Капиталистік қоғам қалыптастырған мәдениетті бұқаралық невротизацияның негізі деп топшылайды. Әріптесі Гваттари екеуі Ницшенің нигилизм, соңғы адам және өзін-өзі айқындаушы тұлға идеяларын да қарастырған. Адамның билікке ұмтылуы, шын мәнісінде, заманауи мәдениеттен

босатушы дионисилік энергия, еркіндік сыйлаушы деп есептейді. Ницше фигурасы Делез ғылыми жолында үлкен рольде болды, идеялық мән-мазмұндық жағынан да олардың ұқсас жақтары көп болды. «Көңілді ғылым» немесе «Веселая наука» атты еңбегінде Ницше: «Біз өзіміз біліп, сезетін ойларды дүниеге әкелуіміз қажет, барлық мүшемізбен: қан, жүрек, жалын, көңіл, құмарлық, азап, ар, тағдыр және рок арқылы сезінуіміз керек. Өмір сүру деген – өзімізді қоршаған ортаны нұр мен жалынға бөлеу, басқаша өмір сүру мүмкін емес» [13]. Делез өз кезегінде мәдени философия және жалпы философия түптеп келгенде саясатқа жанасатынын байқаған. Мәселен, кибермоббинг белгілерінің көп бөлігі қазіргі таңда медиа кеңістікте үлкен орынға ие. Жиль Делездың Cahiers du Cinema журналына берген сұхбатында «Мозг – это экран» атты тарауында кино феноменінің орнын айқындаған болатын. Адамдар кинозалдан шыққан уақытта оның мәнісін түсінбеген түр-әлпетті жиі көрсетеді, бұл мағыналық байланыстың болмағандығының жарқын көрінісі. Бірақ Делез тұжырымдамасы бойынша «Лингвистика немесе псизоанализ болсын, бізге киноның мәнін түсінуге жәрдемдеспейді» [14].

1.2 Кибермоббинг түрлері мен классификациясы

Жастар әлеуметтену процесінен өтіп жатқан адамдар тобы болып табылады, яғни, қалыптасқан білім беру, мамандық алу және мәдени әлеуметтік функцияларды игеруге бағыт алған үлкен арна.

Ғаламтор дамуы барысында қоғамның түрлі топтарын әлеуметтендіру мүмкіндігіне ие болды. Қолданушылардың жас көрсеткішінің шектелмеуі, ақпараттың сақталу мүмкіндігінің жоғары сипаты және анонимдіктің кепілденуі, түптеп келгенде, кибермоббингтік әрекеттерге жастардың тез икемделуіне әкеліп тірейді. Ендігі жерде, сол негативті және теріс берілген ақпараттың жоғары дәрежеде таралуы мен оның практикалық тұрғыда жылдам іске асуына қозғау салып, катализатор рөлін атқаратын функциялардың негізіне тоқталайық. Бастысы одан қорғанудың да жолдарын ұмыт қалдырмайық (1-сурет).



1 – сурет


Кибермоббинг құрамында теріс және девиантты, анти моральді және антиэтикалық принциптерді насихаттаушы, әлеуметтік агрессияны тасымалдаушы онлайн ақпараттар легі болып табылады. Бұл көбіне барлық цифрлі форматқа ие техникаларға хабарлама және пост көрінісінде таралып отырады. Және бұл іс әрекеттердің кез келген мемлекеттің, халықтың және этностың болашағына, яғни, жастарға бағытталған аса үлкен қауіп. Аталмыш ақпаратты Интернетті қауіпсіз және жауапкершілікті пайдалану орталығының директоры Нэнси Виллард ұсынып отыр. Белгі талдауларға назар аударсақ, 24ақпараттық толқынның ішінде кемінде 7 аталмыш негативті сипатқа ие. Терісс ақпаратқа ие хабарлама, видео және фотосуреттер көзіліспес жылдамдықпен таралып, көп жағдайда толық тазалана алмайды.

Жоғарыда айтылған Орталықтың зерттеулеріне сәйкес, ғаламтор пайдаланған 40 мың адамның төрттен бірі интернет моббингтің құрбаны болғаны туралы ақпарат берген. Заңды сұрақ кибермоббингтің жастар арасында таралуына не себеп? Әрине, ғаламтордың жеңіл таралуы және әлеуметтік желілердің жас талғамауы. Жастар Facebook ,Twitter, Instagram және Вконтакте сынды түрлі әлеуметтік желілерге еш кедергісіз тіркелу арқылы айтылып отырған әрекеттердің құрбанына айналады.

Аталмыш әлеуметтік алаңқайлар агрессияның негізгі мекені болып табылады. Біріншіден, моббинг жүйелі механизмдерге ие құрылым. Екіншіден, анонимділік, яғни, жасырындылықтың кепіл болуы, қолданушы мен таратушы мүлде кездеспейді, сәйкесінше, зұлым әрекеттің орындалуына екеуі де мүдделі болады, сонда белгілі бір деңгейде заңға деген жеңілтектік көзқарас пайда болады. Үшіншіден, салдардың орнын бос қалдыру, яғни, жасалған әрекеттің соңына және нәтежиесіне мән берму. АҚШ тың Қылмыстың алдын алу Ұлттық кеңесінің ақпаратына сәйкес, сұралғандардың 81%- ы мобберлердің бұл әрекетке баруының себебі - қызық көру. Кибермобберлер өздері ұсынған ақпаратты алған қолданушының әрекеті мен ойларын тікелей көре алмайды, сәйкесінше, одан келетін кесапаттың мөлшерін де айта алмайды. Төртіншіден, әлеуметтік қысым, көп қолданушылар аталмыш әректті абсолютті түрде қоғамдық нормаға жатқызады және оны белгілі бір тұлғаның әрекетіне қарап еліктейді. (2-сурет)



Келесі бір бөлімде , кибермоббингтің психологиялық және әлеуметтік себептеріне назар аударайық. Негізінде, мобберлердің екі түрі болады, өз ортасында танымал жасөспірім және масштабты аудиторияға ие емес жасөспірім. Біріншісінің әрекетінің негізінде өз популярлығын сақтап және өз ортасында бедел жинауға деген мотивация жатыр, сондай ақ, өзінен төмен тұрған өзге субъектілерге моральдық қысым көрсету олардың өзін одан да жоғары дәрежеге ие болуға жетелейді. Ал екінші өкілдің кибермоббингтік әрекеттерге бару мотивтері көбірек, ол алдымен өзінің төмен дәрежесін өрлетуге деген құлшыныс, бірінші түрдің сипатын ие болуға деген тілек. Сонымен қатар, жасалған іс әрекеттің негативті нәтежиелеріне толық баға бере алмау формасы. Белгілі деңгейде бір қорытындыға келер болсақ, кибермоббингтік әректтерге деген қызығушылық пен құлшыныстың болуы жастардың өз ортасында беделге ие болуға деген мотивү яғни, ол өзінің психологиялық, интеллектуалдық индивидуалды, рухани және мәдени даму ерекшеліктерін тарату мотивациясы жатады. (3-сурет)



3 - сурет

Кибермоббингтің көптеген формаларына тоқталайық.

– Қорлау, яғни, өзге тұлғаға бағытталған негативті пікір білдіру ол комментарийлерден, хабарлама және электронды ақпараттардан көрініс табады. Ол бір деңгейде ашық және құпия алаңдарда жүзеге асады.

– Теріс және қорқытуға бағытталған хабарламалар тікелей нормативті емес лексиканы пайдалану арқылы нақты бір индивидке қоқан лоққы көрсету. Кей мемлекеттерде аталған сипатқа ие әрекеттер заңмен құрықталады.

– Өсек аян тарату әрекеті белгілі бір тұлғаны масқаралауға және беделіне нұқсан келтіруге бағытталған фото және видео материалдар. Мәселен, бір тұлғаның интеллектуалды қасиеттерін төмендететін топтардың құрылып тікелей сол құрбанға хабарламалар жазу.

– Фиктивті есім немесе өзгенің әлеуметтік немесе электронды парақшасын ашып алу әрекеті. Сол арқылы сол тұлғаның таныстарына немесе өзге де тұлғаларына теріс ақпарат беру.

– Жеке басқа қатысы мәселенің жалпы сипатқа ие болуы қоқан лоққы көрсетуге бағытталған іс әрекеттер, яғни, өзгенің финанстық немесе махаббат формасына ақпараттарды ғаламторға жариялау.

Физикалық зорлық зомбылық қысым көрсетуге бағытталған әрекеттер қолданушыға дене жарақаттарын қалдыруға деген құлшыныс ақпараттары.

– Тағы да үлкен маңызға ие мәселе кибермоббингтік әрекеттердің гендрлік сипатқа ие болуы. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, қыз балалардың 61% осындай шабуылдарға ұшырайды, ер балалардың 39% негативті ғаламтор әрекеттеріне бейім болады екен. Ал кей зерттеушілердің пікірінше, бұндағы пайыздық көрсеткіш мүлде қарама қарсы, ал үшіншілер ешқандай айырмашылықтың жоғын көрсеткен, яғни, кибермоббингтік әрекеттердің құрбандары ешқанда гендрлік сипатқа ие емес, сәйкесінше, бірдей қорғану мәселелерін ойластырған жөн.



4 - сурет

Аталмыш әрекеттердің әсері ретінде соңғы 5 жыл көлемінде аса үлкен «мэйнстримге» айналған «Синий кит» ойынын айтсақ болады. Оның негізінде тікелей жасөспірімдерге бағытталған психантропты тапсырмалар жинағы. Ол бойынша шартты түрде ойыншы елу түрлі садо мазахистік әрекеттер орындау арқылы ойнайды. Соңғы тапсырмасы суидциттік әрекет. Ең қызығы сол, ойынның ережелерінде түбінде өлімге әкеп соқтыратын ақпарат толық берілген. Қызық көргісі келген жасөспірімдер сол тапсырмаларды орындау арқылы қалай өзінің кибермоббингтің құрбанына болмаса да, тұтқынына айналғанын аңғармайды. Филип Лис атты ойынның құрастырушысы соңы өлімге әкеліп соқтыратын ойынның негативті нәтежиелерін біле тұра, ол өзінің

әрекетін тоқтатпайтынын жеткізді. Ол ресми түрде қамауға алынғанымен, оның ізбасарлары оның жолын жалғастыруда. Бұған түрлі себептер бар, аса үлкен аудиторияны құрайтын адамдар, яғни, танымалдылық принципі, финанстық пайдалы нәтежиелер неғұрлым көп қолданушысы болған сайын соғұрлым PR агенттіктері осындай топтарды қаржыландыру арқылы үлкен мотивация беріп отырады, сондай ақ, үлкен саяси факторды ұмытпаған жөн, белгілі елді жаулау үшін оның жастарын улау бұл үлкен политтехнология болып табылады.



5 - сурет

Мәдениеттің адамға әсер ету процесі инкультурация деп аталады. Оның көмегімен адам баласы өмір қажеттіліктерін өтей алатын, белгілі бір мәдениеттің ортасында ғұмыр кешуге арналған. Басқаша бұл процессті әлеуметтену индивидтің әлеуметтік ролын анықтау әрекетін де атайды. Мәдени ортаға еніп, қоғам мүшесі болу үшін аталмыш процесс маңызды. Әлеуметтену мен инкультурацияның айырмашылығы, соңғысы адамды нақты бір мәдени ортаға бейімдеп, салт-дәстүрге баулиды. Адам мәдениетке әсер ете алады, ал мәдениет, өз кезегінде, адамның тұлғалық қасиеттеріне әсер етеді. Инкультурация негізгі адами қасиеттерді бойына жинайды (адамдармен қарым-қатынас орнату, қоғамдық жүріс-тұрыс ережелері мен өзін бақылау формалары, қажеттіліктерді өтеу қабілеті, қоршаған әлемдегі құбылыстарға баға беру).

Нәтижесінде өз ортасындағы адамдармен, мәдениетпен таныс, өзге мәдениеттерден ерекше адам қалыптасады. Әлеуметтену процессінен қарағанда инкультурация күрделі және маңызды жолдармен орындалады. Оның құрамына жеке даму, әлеуметтік коммуникация және өзінің өмір сүруіне қатысты барлық қажетті құндылықтар енеді. Инкультурацияның негізгі әдісі имитация (белгілі бір адамдардың іс-әрекеттерін қайталау арқылы) және идентификация (балалардың ата-анасының әрекеттерін қайталау). Сонымен қатар, бұл процесстің негативті жағы да бар – ұят пен ар мәселесі. Негізгі қозғаушы күш ретінде – отбасы, қоршаған орта, білім ордалары, БАҚ өкілдері, түрлі саяси және қоғамдық құрылымдар есептеледі. Өмір белестерінің әр кезеңінде – олар түрлі әсер етеді. Бала шақта адам баласына отбасының әсері үлкен, кейіннен

өзге факторлар әсер етеді. Әлеуметтену және инкультурация адам өмірінің барлық кезеңінде жүреді, оның негізінде адам өзіндік әлеуметтік-мәдени процесстерді ұғынады, бағалайды. Оған қарама-қарсы аккумулярация аталмыш ұғымды ХХ ғ. Аталмыш мәселені америкалық антропологтары Р. Редфилд, Р. Линтон және М. Херсковиц дамытқан. Алғашында олар бұл процессті алғышқы кезеңде тек түрлі мәдениет өкілдерінің бір-біріне әсерін ғана бағамдап көрген, бұл құбылыс автоматты түрде жүзеге асады, мәдениеттер өзара қатынсақа ие болып, бірқалыпты орта дүниеге келеді деп қорытындыланған. Әрине, даму сатысы төмен мәдениет өзгеріске көбірек ұшырайды. Өзара сан арасалмағының әсері де маңызды деп бағаланды. Осының негізінде американдық мәдени «қазандық» пайда болды, түрлі аумақтардан қоныс аударған мәдениет өкілдері өзара араласудың нәтижесінде бір қалыпты мәдени орта дамиды деген тұжырым өмірге келді. Уақыт өте келе, ғалымдар акультурацияны тек өзара байланыстан көрі, жеке адамның индивидтік-психологиялық жағдайына мән бере бастады. Жаңа тұжырымдамалар бойынша, аталмыш процесс адамның жеке құндылықтар жүйесіне, қоғамдық орнына, индивидтің әлеуметтік ұстанымдарына байланысты болды. Қазіргі таңда, аккумулярация термині мәдениеттердің өзара байланысынан туған құбылыстарды сипаттайды, «рецепиент» мәдениеттер «донор» мәдениеттің нормаларын қабылдайды. ХХҒ. Аяғындағы миграциялық толқын осы аймақтағы зерттеулердің тереңірек болуын қажет еткені белгілі, студент, маман және бұқаралық көші-қон бұл мәселені одан әрі актуальды ете түсті. Аккультурация формаларына келер болсақ, бөтен мәдени ортаға енген адамда екі миссия болады, біріншісі, қалайда болса өз мәдениетін сақтап қалу, екіншіден, жаңа ортаға бейімделіп, лидерлер қатарына қосылу. Аталмыш құбылыстың 4 үлкен комбинациясы бар:

– Ассимиляция – аккумулярация нұсақаларының бірі, өзге мәдениет үлгілері мен стандарттарын толық қабылдау, өз мәдени паттерндерінен айырылу немесе бас тарту;

– Сепарация – өзге мәдени үлгілерді қабылдамау, өз мәдениетін берік сақтау, басым доминантты мәденейттен изоляцияда болады;

– Маргинализация – бір тұрғыдан, өз мәденитінің идентификациясынан айырылған, екінші жағынан, көпшілік мәдениетімен де арақатынас жоғары деңгейде деп айту да қиындау. Бұл мәселе өз нормаларын ұстану деңгейінің төмендігі және жаңа идентификация алудың қажетсіздігі(көбіне, сол ортаның дискриминациялық және сегрегациялық әрекеттерінің болуынан);

– Интеграция – жаңа және өзіндік мәдениеттердің бірдей жоғары деңгейде арақатынасын айтады.

Түрлі ғаламтор және экран «жұлдыздарының», топ-блогерлер, саяхатшылардың және өзге де «бай-қуатты» тұлғалардың фото бейнелері өзге қарапайым желі қолданушыларына негативті әсер ететіні белгілі болып отыр. Адамның өзіне қарым-қатынасының бұзылуы және түр-сипатына көңілі толмаушылық сынды түрлі ішкі проблемаларға әкеп соқтырады. Ең үлкен әлеуметтік желілердің бірі Instagram желісінде 700-800 млн адам тіркелген. Британ корольдығының денсаулық сақтау қоғамының (RSPH) зерттеу жүргізіп,

1500 мың британдық қатысып, бес ірі Instagram, Twitter, Facebook, YouTube және Snapchat сынды үлкен әлеуметтік желілердің денсаулыққа әсері жайында зерттеу жүргізілген болатын. Аталмыш желілердің позитивті әсері жайында тек YouTube аталған, ал қалған желілер тек негативті әсер ететіні белгілі болған, ең кері әсері жоғары көрсеткішке ие болған, өзіне-өзі көңілі толмаушылық сынды мәселелер пайда болған, «идеалды» образ қалыптастыру иррационалды идеялардың пайда болуына әкеліп соқтырған.

Сонымен қатар, жаңалық немесе «event» сипатына байланысты алаңдаушылық депрессия мен қорқыныш сезімдеріне жетелейді. Сондай-ақ, ұйқының бұзылуы физикалық кері әсерге әкеліп соқтыратыны да белгілі. Парадоксалды жағдай ретінде сұралғандардың 70% өздерінің жалғыздық немесе психологиялық мәселелерін шешу жолдарын дәл осы әлеуметтік желілерден тапқанын айтқан, оның себебі, қоғамда өзіндік дауысқа ие емес жандар өздерінің аккунттарында өздерін еркін, ойын анық айта алатын орта деп таныған. Олар тек бір кезеңде ғана қателік жіберген, көрген немесе естіген ақпараттың бәрі ақиқат еместігі. Берілген екеңестердің ең қажеттісі әр әлеуметтік желіні қолдану уақытының лимиттенуі жайында, яғни, белгілі бір уақыт аралығын қамтитын кезеңде ол жүйе жұмысын тоқтауы тиіс. RSPH жүргізген зерттеудің қорытындысы ретінде бірқатар кеңестер берген:

- Әр «жұлдыз» өзінің өңдеуші технологияларды пайдаланғанын жарялауы тиіс;
- Қолданушының пайдаланған және жасаған деструктивті әрекеттері бойынша психологиялық кеңес беру мәселелері;
- Бүгінгі таңда адам мен ақпараттық жүйелердің байланысы тым үлкен, денсаулық та соған байланысты.

Постиндустриалды қоғамда қоғамның саланың орасан зор бөлігі компьютеризацияға ұшырап, коммуникацияның жаңа түрлері пайда болды. Адам баласы екі шындықта өмір сүру мүмкіндігіне қол жеткізді, ол шын өмір және виртуалды өмір. Ғалымдардың айтуы бойынша, қоғам жалпылама өзінің табиғи формасын жоғалтып алды, желілік құрылымға бейімделіп отыр. Ақпараттың қолжетімділік дәрежесінің төмендігі, бақылануы оған деген қажеттіліктің актуальдылығын жоғалтуда. Осыған орай, қоғамның әлеуметтік активтілігі көтерілді, білім алу және бизнес бастау идеялары бірінші қатарға шықты.

Әлеуметтік желілерге тәуелділік мәселесі бойынша біршама зерттеу жұмыстары жүргізілген және уақыт ағыны мен заман талаптарына назар аударсақ ол зерттеулердің қажеттілігі артып отыр. Мәселен, Америка тұрғындарының 63% - ы әлеуметтік желілерді жиі пайдаланады, 40% -ы шамадан тыс қолданады. Қоғамның бұл қызмат түрін пайдаланудың негізгі себебі ретінде, күйбең тіршілік пен уақыт қысқарту мақсатында деп көрсеткен. Көбіне бір түйіткілді ақпаратқа байланысты коментарий береді, ақпарат таратады, осы процес адамдарды тартатыны соншалық, әлеуметтік желідеге тәуелділік жайында шкала да жасалған. Әлеуметтік желілер шын мәнінде еш құны жоқ ақпараттар мен жаңалықтарды идеалдандырып, олардың

актуальдылық деңгейін арттырады. Нәтижесінде, нағыз қажет құндылықтар тасада қалып қояды. Қолданушылар өзін өзгелермен салыстырып қана уақыт өткізеді, сәйкесінше, өзінің жеке өміріне мән бермейді. Жеке индивидуалдығын жоғалтқан тұлғаның өмірі түрлі негативті әсерлерге тап болады. Таныстары мен достарының парақшасында «трендке» ие жаңалықтар мен оқиғалар болса, ол өзге қолданушыға өзіне деген кері ойын туғызады. Британдық ғалымдардың зерттеуіне байланысты, сұралғандардың 53%-ы өздерінің іс-әрекетіне орасан зор ықпалы бар екенін мойындаған, ал 51% -ы өз өмірін өзгелермен салыстыру көңіл-күйге әсері бар екенін айтқан. Ал сұралғандардың үштен екісі белгілі бір себептермен өз аккунтына кіре алмаған жағдайда үлкен стресске ұшырайтынын байқатқан.

Ал жасөспірімдер мәселесіне тоқталсақ, кибер қылмыс өте актуальды болып отырғаны белгілі. Кибер қорқыту әрекеттері ғаламтор арқылы жасөспірім психологиясына кері әсер етеді. Enough is Enough атты арнайы ұйым ғаламторды қауіпсіз ортқан айналдыруды мақсат еткен, аталмыш ұйымның деректері бойынша, жасөспірімдердің 95 % -ы кибер шабуылдарың куәсі болған, ал 33 %-ы кибер қылмыстың құрбаны болған. Тағы бір көңіл көңшітпейтін мәселе, зиянды әдеттер мен әлеуметтік желілердің байланысы, яғни, 12 және 17 жас аралығындағы тинейджерлер күн сайын әлеуметтік желілерді пайдаланса, 5 есе темекі өнімдерін, 3 есе алкоголь өнімдерін және 2 есе есіртікі пайдалану әрекеттері байқалған.

Мичиган университетінің зерттеулеріне сәйкес, Facebook желісінің көңіл-күйге әсерін бағамдап көрген. Әлеуметтік желілерді жиі пайдалатын қолданушылар өмірге деген қанағаттанбаушылық білдірсе, желі қызметтерін сирек пайдаланатындарда ондай ерекшелік байқалмаған. Әлеуметтік желілер бір ақпарат, оқиға немесе жаңалықтан құр қалатындай қорқыныш қалыптастырады. Қолданушы өзгелер алдындағы өзінің имиджі, фотолпары мен әлеуметтік статусы туралы әрдайым стрессе болатынын байқаймыз. Дәл қазір сіз өз ісіңізге нақты көңіл бөліп отырсыз ба, қандай жаңалықтар бар, яғни, концентрация мәселесі де өз орнын көрстетеді. Зерттеулер бойынша, адам миы екі немесе одан да көп мәселеге толық назар қоя алмайды, бір мәселені шешудің орнына адамның көңілі мен ойы сан-саққа жүгіреді. Бұл өз кезегінде, алған ақпаратты анализден өткізуге өзінің кері әсерін тигізіп жатады.

Әлеуметтік желілердің позитивті қызметі де көп, адамдар арасындағы, вертуалды болса да, белгілі бір қарым-қатынас әрекеттерін сақтайды. Сондай-ақ, сіз дүниеге сіздің көзіңізбен қарайтын адамдарды да бір батырманың көмегімен таба аласыз. Британ психологтар қоғамы зерттеулеріне сәйкес, студенттер өзіне көңілі толмаушылық проблемасын сезінсе, әлеуметтік желілер арқылы бұл мәселенің шешімін табады. Американ психологиялық ассоциациясының дерегіне сәйкес, интроверт қасиетіне ие адамдар әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық өмірге бейімдедеді. Қарапайым мысал ретінде, кей тұлғалар асқан ұялу немесе қымсыну проблемасына ие, олар өздерін смартфон немесе монитордың бергі жағында отырып еркін сезінеді. Дәрігер Лари Д. Розен (Dr. Larry D. Rosen) ақпаратына сәйкес, жасөспірімдер ғаламтор арқылы

өзгелерге қолдау білдіру арқылы қанағаттану сезіміне бөленеді. Яғни, ғаламтор адамды террорист немесе девиантты ғана қылмайды, егер сайттар мен ақпараттарды дұрыс дәрежеде қабылдаса ол адамдарды біріктіреді, олардың қоғамдық бастауларын дамытады және толлранттылыққа жетелейді, сондай-ақ, ғаламтор арқылы адам өзін-өзі дамытады. Ғаламтор интеграцияның негізгі құралы, қолданушы өзіне қажетті деген ақпарат, музыка немесе жаңалықтарға қол жеткізеді. Әлеуметтік желілер үлкен аддиктивті, яғни, тәуелді ету потенциалына ие. Өзімізге бағытталған «лайк» форматындағы ақпарат гормоналды деңгейде бақыт сыйлайтыны белгілі, ал заманауи адам бақыт сыйлайтын әрекеттерге кедей. Қайта «бақытты» болу үшін адам әлеуметтік желілерді пайдалануды жиілетеді. Екінші бір маңызды себеп, әлеуметтік желілерде адамдар бәріне үлгереді, ғылыми жаңалықтарды оқып отырады, досының хабарламасын қарау мақсатында оның парақшасына кіреді, сөйтіп, басында өзі іздеген ақпарат турады ұмытып кетеді. Бұндай әрекеттер тізіміне ми тез үйренеді, және қолдар да тез ақпарат беруге бейімделеді. Жылдамдық пен қолжетімділік – тәуелділікті тудыратын негізгі факторлар. Адам өзінің табиғи жаратылысы бойынша, тез әрі жеңіл жолмен қанағаттануға бейім, бұл темекі немесе алкоголь сынды сипатқа ие. Концентрация мәселесі жайында жоғарыда айтып өттік, сан-саққа жүгірген ойдан бір нәтиже күту қиын, ми әдеттегідей өзге де проблемаларды іздей бастайды. Белгілі бір ақпараттар легіне үйреніп қалған ммиымыз ол болмаған жағдайда, оны алу жолдарын іздей бастайды. Мәселен, ғаламтор жоқ жерлерде бұл процес байқалады. Түрлі ақпараттар толқынына бейімделген ми және түрлі эмоцияны сезіну арқылы жүйке жүйесін стресске жетелейді, оның үстіне мониторға үңілудің өзі де аса үлкен әсерге ие.

Адам әлеуметтік желілерге бір нақты мақсатпен кірмейтіні белгілі, берілген ақпараттың сапасы мен қажеттілігіне қарамастан сіңіреді. Оның орнына бір өмірлік немесе рухани мәселелердің шешімін іздеуге, жақсы бір кітап оқуға немесе болашаққа жоспар құруға болар еді. Бірақ, аталмыш мәселелерге сіздің уақытыңыз жоқ. Ақпараттың тым жылдам келуі сіздің аналитикалық қасиетіңізді төмендетеді, ал оның эмоционалды әрекетіне назар бөлмейсіз, бұл тәтті тағамды және асты бірдей шайнамай жұтқанмен бірдей. Тіпті, өзіңізге не нәрсенің ұнағанын және неліктен екенін түсіндіре алмайсыз. Адамға тән қызығушылық, эмпатия сынды қасиеттер пассивті түрде болады, себебі, ақпарат легінің тым жылдам және көп көлемде беріледі, сана оны қажетті деңгейде өңдеп және қорыта алу коэффициенті төмен. Аталмыш мәселелер тек әлеуметтік желілердің әсерінен ғана емес, сондай-ақ, компьютерлік ойындар мен жалпы ғаламтор пайдаланумен де байланысты, оған қоса, активті қызмет, өмір ағынының жылдамдығы және ақпаратты ретсіз пайдаланумен байланысты.

Мәселенің шешімі, әрине, жаңа кеңістікте жаңа адамдармен танысып, ақпаратқа ие болып, фильм және музыка пайдаланудың еш әбестігі жоқ, бірақ, жалпы өмір заңдылығына сәйкес, әр құбылыс пен әрекеттің белгілі бір шегі болуы қажет, тым шеттен тыс пайдаланған жақсы нәрсенің өзі зиянды қасиетке

ие болуы мүмкін. Бұл технологиялық және мәдени прогресстің жемісі, сол деңгейде оның қажетті де қажетсіз жақтарын реттеу керектігі жоғары. Әлеуметтік желілердегі «гигиена» туралы айта кеткеніміз жөн. Әлеуметтік желіліерді пайдалану жиілігін қадағалау қажет, бос уақыт пайда бола салысымен «жаңаланған» жүйені қараудың қажеті жоқ, күніне 2 рет «кірсеңіз» жеткілікті. Мәселен, кішігірім эксперимент жасап көрсеңіз болады, қолыңыз босай қалса отырып «медитация» жасап көріңіз, миыңызды сәл демалдырыңыз, күні бойы сергек жүретіңізге кепілдік береміз.

Әлеуметтік желілердің негізі әлемдік бақылау болып табылады, үлкен желілік гиганттарының қатарына Facebook, Instagram және Twitter сынды желелерді бір орталықтан бақылау көптеген локальды және мемлекет ішілік желіліерге қарағанда анағұрлым жеңіл. Осы мақсатта олар музыка, кинофильмдер және өзге де үлкен сұранысқа ие «қосымшаларды» енгізуде. Оған қоса, адами капитал қалыптастыру ғаламтордың қажеттілігі емес, тіпті, керісінше сол капиталдың болуына мүдделі емес, яғни, ақпарат толық көлемде және ауқымды болмайды. Бастысы, аз болсын, көп болсын пайдалы ғылыми жаңалықтар мен ақпараттарға ие сайттардың тұрақты пайдаланушысы болсаңыз жеткілікті.

Әлеуметтік желілердің тарихи эволюциясын бағамдар болсақ, 1971 жылы әлемдегі бірінші электронды хат жіберілді, ал әлеуметтік желілер әлемді жаулады. Әлемдегі әр 4 – ші адам аталмыш желілердің қолданушысы болып табылады. 2012 жылы жүргізілген зерттеулерге сәйкес, Facebook желісі адам баласында уайымшылдыққа ұшырататынын атап көрсеткен. Бір қызығы, «әлеуметтік желі» түсінігі ғаламторға еш қатысы жоқ болған, 1954 жылдың өзінде пайда болып, 30-ы жылдардың ортасында белсенді дами бастады. Әлеуметтік желі түсінігін – әлеуметтанушы Джеймс Барнс енгізген, жалпақ тілмен, әлеуметтік желілердің негізінде сіз өзіңді таныстырыңыз бен достарыңыздың арасында «центр» болып есептелесіз, әр адам өзін солай сезінгендіктен бұл жүйе адамға белгілі бір психологиялық қанағаттану сезімін беру арқылы актуальдылығын жоғалтпайды. Аталмыш концепцияны капиталистік мемлекеттер, кейіннен Шығыс Еуропа елдері де дамытып, зерттеу мәселесіне көңіл бөлді. Коммуникацияның жаңа формалары геометриялық прогрессиямен өсуіне қарағанда бұл жүйенің болашағы әлі де алда сынды.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік желілердің негізгі сюжеті – консьюмеризм. Бұл термин салыстырмалы түрде Қазақстан және пост Кеңестік мемлекеттер үшін қалыпты деп бағамдау қиын. Кеңестік қоғам бұқаралық санатта болғанымен, онда тұтынушылық элементтер болған жоқ-ты, осының арқасында үлкен жаңалықтарға жол ашылды. Кеңес Одағы коллапсқа ұшырағаннан бастап капиталистік және социалистік қоғам құрылысы қалыптастырған саяси, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктер технологиялық дәуірде белгілі бола бастады. КСРО қоғамы анти тұтынушылық сипатта болды, батыс мәдениетінің негізі – консьюмеризм деп есептеледі. Әрине, буржуазиялық қоғам негізгі априори критикалық трендретінде түсіндірілді. Бірақ, негізгі ирония сонда, бүгінгі таңда сол сипатты қоғам орнап отыр. Саяси-идеологиялық тұрғыдан

емес, адамгершілік, табиғи тұрғыдан есептегенде пайда коэффициенті төмен. Заманауи адам оны қоршаған медиа кеңістік арқылы үлкен жарнамалық жүйелер мен гедонистік әрекеттерге талпыныс білдіреді, ал әлеуметтік желілер арқылы ол өмір стиліне айналады. Жеке тұлға, адамдар қауымы және әлеуметтік психология әрдайым өзгерістерге ұшырап отырады, ал оның қандай сипатта болатыны белгісіз. Ол бір орында тұрмайды, формаларын өзгертеді және әр тарихи кезеңде бұл заңды құбылыс. Байқағанымыздай, қоғам - априорлық, статикалық емес динамикалық құбылыс, оған өзгеру және даму процестері тән. Қоғам әр қилы, толық және бөлшектік жаңару, тіпті, ұлт, қоғамдық жүйе, аймақ және жеке тұлғалық деңгейге дейін. Сол себепті қоғамның жаңаруына байланысты ғылымдардың да жаңаруы ауадай қажет.

Осы мәселенің Қазақстан қоғамы үшін ерекшелігін сипаттар болсақ, қазіргі кездегі өркениет қоршаған ортаны, әлеуметтік сипаттағы тұрмыстық жағдайды үлкен өзгерістерге ұшыратуда. Осы себепті мәдениет көбіне қоғамдық жаңғыру басталды, шығармашылықты қалыптастыру фактор ретінде қалыптасты. Мәдениетті адамның өзін-өзі жүзеге асыру құралы деп топшыласақ, тарих және адамға айтарлықтай әсер етеін импульстарын анықтай аламыз. Жер бетінде өзіндік мәдениет нұсқасын қалыптастырмаған хаалық жоқтың қасы. Өзін-зөзі тану, сана қалыптастыру маңызды, ол адам баласының өлшемсіздігі мен тереңдігін білдірсе керек. Осыны ескере кетсек, «америкалану», «еуропалану» біздің жол емес, ескі консерватизм мен көшпелі өмірді қайта аңсау негізсіз. Біз бұрынғы рухани элитаның екі буыны тәжірибесін пайдалануымыз қажет. Жаппай жаһандану уақытында батыс философиясын емес, өз дәтүрімізге оралуымыз қажет. ХХІ ғасырдағы ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда шығармашыл ізденіс, «еуразиялық» өркениет құру идеясы, біздің барлық аймақтық мәдени, әлеуметтік және саяси трансформация үдерістеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу және гүлдену әкелуі хақ. Рухани кеңістікті құрайтын ұлттық идеяның элементтері көп, оның ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет, олардың даму деңгейі қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеуді алатын орны ерекше, дамыған елдер тәжірибесі бойынша осы ойды қолдап отыр. Батыс елдері үлкен дағдарыс кезеңінде екенін кейбір ғалымдар мойындап үлгерген. Демографиялық мәселесі бойынша, баланы өмірге әкелмеу мемлекеттерінің ішінде Еуропаның 18 мемлекетеі бар, яғни, орта есеппен тек 1 бала ғана дүниеге келіп отырады, ал халықтың қазіргі санын сақтау үшін, тым құрығанда, 2 бала қажет. болжамдар көңілге үміт ұялатпайды, 2000 және 2050 жылдар арасында жер халқының саны 3,5 млрд-қа өсетін көрінеді, ол тек Азия, Африка және Латын Америкасында өсім болады. Яғни, әлемдік билік позициясы осы мемлекеттерге ауысады деген сөз. Батыс халқы өздерін көбейтуді қойды. Дәл осындай, тенденция АҚШ-та да байқалуда, Ричард Никсон президенттікке келгенде 9 миллион иммигрант болған болса, Барак Обама билікке келгенде олардың саны 40 миллионға жеткен. Сөйтіп, Америка «өзге» Америкаға айналды, оған бірнеше себептер бар, біріншіден, дәстүрлі отбасы

құндылықтарының жойылуы, қазір бұндай сипатты отбасылар келеске кеткен, әйелдерді жалақысы жоғары офистерге жіберсе, ал ерлерді зауыт, фабрикаларға жіберген. Сәйкесінше, әйелдер экономикалық тәуелсіздікке жетіп, отбасы олар үшін маңыздылығын жоғалтты. Екіншіден, «ерікті ұрпақтың» дүниеге келе бастауы. Соғыстан кейінгі кейін, америкалық ұрпақ жоғары білім алуға қол жеткізді, сөйтіп отбасы қамқорлығының орнына бұқаралық ақпарат құралдарының «жылтырақ» баспасөздің «тәрбиесімен» өсті. Жаңа ұрпақ санасындағы басты жай Американы ұлы мемлекетке айналдыру үрдісі «қазір және бәрі» принципі, гедонистік-эгоистік формада жүре бастады. Руханилықтың орнына ақша, отбасының орнын шексіз төсек қатынастары мен «ерікті өмір сүру» жайлады, «мәдени төңкеріс осылай орын алып жатты.

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалы артуы болашаққа даму даму стратегиясын жаңа кезеңге көтереді. Яғни, батыс христиан және мұсылмандық өркениеттер арасалмағын ажырату мәселелерін қарастыру бар. Ел халқының 70 пайызы өздерін мұсылман санайды, Қазақстанды исламдық өркениет деп санауға негіз бар. Бірақ, бірнеше жайттарды да ескере кетуіміз қажет. Исламдық түсінік негізінде «ұлт» түсінігі умма деп есептеліп, ұлттық мүддеден жоғары қояды. Бұнымен Қазақстан сынды мемлекеттің азаматтары келіспесі анық, олай болса, мемлекетіміз діни емес, зайырлы болып табылады. Қазір осы «ұлттық» мүдденің ішіне дінді кіргізіп, бір синтез жасап жүргендер көп, олар белгілі бір танымалдылыққа ие болған соң, халық оны жөн көріп, еріп жүргендері қаншама. Түркі халқының ұрпағы, осындай орасан зор жердің иесі, ұлы мәдениет пен тарихтың иесі, байлық, қай мағынада қарасаңыз да, умманың мүшесі бола алмайды. Ұлт, тіл және мәдениет мәселесі қазақ үшін әрдайым басты орында болады, өз мүддесінде, өз мәдениеті мен қамының негізінде ғана еңбек ететіндігіне сенім білдіргіміз келеді, өзге жағдайда, «Ұлы» бабаларымыздың «осал» ұрпағы боламыз. Әуезхан Қодардың сөзімен, киіз үйдің түндігін батысқа қаратақан халықтың ұрпағы ендігі басын Қағбаға қаратып отыр, яғни, мәдени мәселелерді шешіп алсақ, діни мәселе автоматты түрде жойылады. Оралтай Біләл бойынша, әрине, қазақ жерінде белгілі бір уақыттарды исламдық белгілер болған, Қожа Ахмет Йассауи сынды қасиетті кісілер де болған, дейтұрғанымен де, халқытың бәрі жаппай мұсылман болды деген сөз емес. Мәдениеттің қазақстандық дағдарысын өту, жергілікті халық – қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдени дамуының формацияларына негізделген жаңа заманға лайық мәдени институттар қажет. Ол уақыттық-кеңістік ауқымында мөлшернелер болса, стратегиялық мақсат-мүдделер мен ағымдық ұстанымдар қатарлы бағдарларын құралмақ:

Стратегиялық міндет – тіл, дін және діл тұтастығы. Осы үш ерекшелікті басқа ұлт өкілдерінің ұйытқысы ретінде қолдану арқылы ынтымақтастықты дамыта отырып, жалпы мемлекетті алға жетелеу.

Жуық арада ескеруге тиіс міндеттер: қоғамның тыныс тірішілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылып отыру. Қазіргі уақытта әр ұлт өз бірегейлігін жоғалтқысы кеділемейді. Бұл әр ұлттың жан қалауы және табиғи құқығы. Мұндай жан қалауының себебі –

қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлем империяларының индустриалды өндіріс салаларының қарқындылығы әлеуметтік, технологиялық, инновациялық бөлініске ұшырауына, ұнамдылық-моральдық құндылықтардың дағдарысқа түсуіне байланысты.

Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мәселен, заманымыздың белгілі ойшылы К.Поппер еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді дейді. Тоталитарлық қоғам бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмаған, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Алдымен, өзінің қалдықтарының астына бірыңғай Кеңес империясының темір жұдырығын көміп, өте топтасқан және мызғымастай болған шығыс еуропалық диктатура жойылды. Қазіргі вестернизацияның мынадай қиындықтары бар:

1. Руханилық пен материалдылықтың арасындағы ажыратылу
2. Эскапистік және диниетанымдық ұстанымдарының араласып кетуі
3. Нонконформизм, комформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі
4. Стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ету

Аталмыш тенденциялардың қатарында тұтынушылық қоғам бар. Ол өз кезегінде, өзгерістер мен уақыт талабына икемді, консьюмерлік индустрия өзінің актуальдылығын жоғалтпас үшін сапа және жаңа функцияларды қосып отырады. Консьюмеризмнің ғылыми негізінде философия, мәдениеттану, әлеуметтану, этика сынды ғылымдардың конвегеренциясынан пайда болған. Ол, кез-келген динамикалық ғылыми пән сында болып отырған даму мен өзгерістерге байланысты зерттеулер жүргізіп отырады. Ғылым әрдайым қозғалыста, динамикада болатын құбылысқа нақты бір кесіп жауап бермейтінін білсек, өзге де жолдармен бұл мәселелні зерттеудің жолдарын іздеу қажет. Адамдар өмір сүру үшін тұтынушылық әрекеттерін жасайды, бұл барлық тарихи кезеңдерге тән құбылыс, бірақ, ол «тұтыну» түсінігінде қабылданбады. «Тұтыну» түсінігінің 2 түрі бар: өзінің қуаттылығын және жетістіктерін көрсету үшін материалистік принциптер мен құндылықтарға негізделген қоғамдық қарым – қатынастар жүйесі, екіншісі, мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдардың тұтынушы құқығын қорғайтын сапа мен шынайы жарнаманы қолдайтын ұйым мағынасы. Заманауи қоғам тұтынушылық қоғамы деген атауға тек бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қазіргі адам көп тұтынады, техникалық жетістіктерге, өз қажеттіліктерін өтегенге байланысты емес.

Әлеуметтік желілер негізінде адамдар арасындағы хат-хабар алмасу мүмкіндігін беретін жүйе, аудио және фото материалдар бөлісумен қатар қарапайым құттықтауларға дейінгі аралықтың бәрін қамтиды. Соңғы зерттеулерге сәйкес адамдардың 42% -ы аталмыш жүйені пайдаланады, негізгі контингент 30 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, кейінгі кезде 60 жас көрестекіші де байқалады. Әлеуметтік желілердің негізгі артықшылықтары – адамдардың өзара танысуына кеңістік береді, жер шарының қай нүктесі болса да үнемі сапалы байланыс жасау мүмкіндігі, әлемдік жаңалықтардың куәсі болу, өзіне қажетті қызықты қажетті ақпараттарды бөлісу және алу. Мысалы, Facebook желісінің қолданушыларының 60% - ы күн сайын желі қызметтерін пайдаланса,

ал 40% -ы аталмыш әрекетті күніне бірнеше рет жасайды. Бұл әрекеттердің себеп – мақсатын әртүрлі бағамдауға болады, біреулер өзге адамдардың жаңа суреттері мен жазбаларын бақылайды, екіншілері өз көңіл-күйі эмоцияларымен бөліскенді жөн көреді, негізінде, сыртқы әлемнің қызықсыз және көңілге қонымсыз әрекеттері мен бейнелерінен қашып құтылудың бір амалы ретінде пайдаланады, саналық «допинг» деп те сипаттасақ болады. Екіншілер үшін әр жаңа жазба немесе бейне жариялаған сайын кометарийлер мен «лайк» атты жағымды жауаптар қайтадығ аталмыш әрекетті қайталай беру зиянды әдетке айналады.

Норвегиядағы Берген университетінің зерттеушілері арнайы желіге тәуелділік деңгейін көрсететін шкала жасап шығарған, ол 6 градациядан тұрады. Сұрақтардың қатарында желіні пайдалану жиілігі мен қажеттілігіне байланысты мағлұмат алу көзделген, нәтижесінде, «жиі» және «тым жиі» деген жауаптар көп берілген, бұл тәуелділіктің белгісі. Психиатр дәрігерлердің зерттеуіне сүйенсек, психологиялық тұрақтылыққа ие емес және әлеуметтік қорғалмаған жандар әлеуметтік желілерге әуестігін байқаған. Ал «мақтауға» ие болған қолданушыларынан активтілік пен көтеріңкі көңіл-күй байқалған. Яғни, сенімділік пен өзіндік баға алу үшін әлеуметтік желілер негізгі орталық болып отыр.

2 КИБЕРМОББИГ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

2.1 Кибермоббинг әлеуметтік желілердегі мәдени девиацияның бастауы. Тарихи тамыр мәселесі

Ғаламтор және оның өнімдері қолжетімді және қолданылуы қарапайым болғандықтан кең таралуда, сәкесінше, девиантты мінез-құлық қалыптастыратын қажет емес функциясы бар болып табылады. Айта кететін жайт, ғаламтор мәдениетінің және кибермәдениеттің әлі де болса тек дамуда, сол себепті, әлеуметтік девиация көріністері орын алуы таңқаларлық жайт емес. Қоғамда девиацияның – нормадан ауытқыған әрекеттердің болуы, ұоғамның оған қарсы белгілі бір санкциялар қолдануы қалыпты әлеуметтік заңдылық. Дейтұрғанымен де, олардың саны мен көлемі тым үлкен масштабқа өсіп, қоғамның жұтаң мәдениет және этикалық принциптердің жоқтығының көрестекіші болкы мүмкін. Э. Дюркгейм қоғамдық қабылданған нормалардың және ориентациялардың бұзылуы – әлеуметтік девиацияның көбеюіне әкеліп соқтыратынын айтқан. Ол өз кезегінде, мәдениет дамуының механизмдерінің бірі екені белгілі, бірақ, бұл сипатты әрекеттердің көп болуы қоғамдық мәдениеттің дисбаланста екенінің көрсеткіші. Сондай-ақ, бұндай жағдай жаңа қалыптасып келе жатқан мәдениеттерде орын алады, ал дәстүрлі, қалыптасқан мәдениетте мәселелер болса, онда нақты үлкен пробелдердің, кемшіліктердің барлығының белгісі. Еуропалық комиссия ғаламторға байланысты заңнамалық нормаларды енгізуін жалғастыруда. Ақпаратты сұрыптау, провайдерлердің заңға қайшы әрекеттері қатаң бақыланады. Барлық вэб беттердің ақпараттары мен почталық хабарламаларға бақылау орнатуға барынша тырысып бағуда. Бұл мәселеге заңнамалық деңгейде көңл бөлініп, қарқынды бақылау жүргізіліп жатса, негативті әсердің тым жоғарлығының көрестекіші. Жаңа мәселелер одан әрі мәселелердің туындауына әкеліп соғары белгілі. Бүгінгі таңда, ғаламтор пайдаланушылары әлдеқайда көбейіп, 250 мемлекетте 200 млн компьютерлер өзара байланыста, смартфон мен өзге де цифрлық құралдарды есептегенде.[15] Компьютер адам мүмкіндіктерін жаңа деңгейге көтеріп, қоғамда және жеке психологияда өзгерістер жасалды. «Компьютер-адам» атты түсінік қалыптасып, адам бақылауынын да тәуелсіз болып отыр. технологиялар қалыптастырған виртуалды әлем адам психикасына әсер етіп, стандартты емес

әрекеттерге итермелейді. Психологтардың айтуы бойынша, компьютермен тым интенсивті байланыс сыртқы әлемнен қол үзіп, психологиялық мәселелердің туындауына әкеліп соқты. Компьютер адамдарды қарым-қатынас жасау аймағынан алыстатып, жаңа бір қатынастардың пайда болуына негіз болады. Егер қатынас аймағы бұрынырақта достары, құрдастары болып есептелсе, компьютер пайда болғалы индивидуалды артықшылықтарға мән беріліп, виртуалды әлемде өмір сүру қызығырақ бола түседі. Ғаламторда таралған девиантты мінез-құлықтардың сипатын қарастырып көрелік. Адамның жеке меншігіне қол сұғу – қай заманда да үлкен қылмыс болып есептелген, қандай меншік екені маңызды емес. Дәстүрлі қоғамда жерді, суды жеке меншікке өткен жағдайда қылмыс ретінде. Индустриалдық қоғамда басты құндылық – капитал болып есептеледі, оған қатысты ұрлық, заңсыз иемдену мәселелері девиантты әрекет болып есептеледі. Заманауи қоғамда басты құндылық – ақпарат есептеледі, оған қатысты қылмыстар да көп болып табылады. Сол себепті арнайы бағдарламалар мен технологиялар жасалып, қоғаму мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. шешім ретінде, Интранет пайда болды, мекеме ішілік жеке желі. ал, оны да айналып өту әдістері табылған соң, ғаламдық «экстранет», яғни, интранеттің ғаламдық түрі. Ол бойынша әлемдік деңгейдегі локальды сипатты таралады. Оның басты ерекшелігі – ақпараттар арнайы «құбырлар» арқылы жасырындылық деңгейі жоғары болады. [16] Ақпараттарды сақтаудың да мәселесі бастан асады, соңғы жылдары аталмыш ақпараттарды ұрлау факттары көбеюде, девиантты әрекет классификациясына жатады. Оларды халықаралық тілде - «хакер» (ағылш. hack –қирату, құрту). Хакерлер өз әрекеттерімен әлемде мызғымас жүйе жоқ екенін көрестей отыр, тек уақыт пен талант болса болғаны. Мәселен, 2016 жылғы АҚШ президент сайлауында хакерлер сайлау мекемелерінің сайттарын бұзу арқылы тыйым салынған әдістерді пайдаланғаны белгілі болды, демократтардың почтасын ашу арқылы құпия ақпараттарды ашқан болтын. 2006 жылы жасақталған Wikileaks – халықаралық коммерциялық емес ұйым, құпия ақпараттарды жариялайды, негізінен саяси және мемлекеттік ұйымдардан алады ақпараттарды, негізін салушы редакторы және директор, австралиялық журналист Джулиан Ассанж. Әлемдік БАҚ өкілдері аталмыш сайтқа сілтеме жасауды ұнатады. Әлемдік деңгеймен қатар локальді жерлерде де банк есепшоттарын ұрлау және экономикалық тұрғыдан персоналды ақпараттарға қол сұғу әрекеттері байқалады. Тағы бір хакерлік бағыт ретінде – компьютер желілерін арнайы вирустармен зақымдау арқылы диверсия жасайды, ақпараттық терроризм негізгі тенденцияға айналады. Мысал келтіре кетейік, «Алгоритм» компьютерлік жаңалықтар агенттігінің ақпаратына сай, АҚШ-та Т.Ллойд есімді программист Omega Engineering компаниясынан жұмыстан шығатын кезде вирустық «бомба» қалдырып, бір аптаның ішінде ол «жарылып», барлық ақпараттарды жойып жіберген, шығын көлемі 10 млн долларды құраған, тарихтағы ең үлкен компьютерлік диверсия деп есептеледі.[17] белгілі жайт, жаңа құбылыстың қалыптасуы позитивті және негативті салдардың тууына әкеліп соғатыны белгілі. Позитивті тенденциялардың ішінде, ғаламтор – білім берудің

жаңа мүмкіндіктерін туғызды, қашықтан білім алу, саяси процесстердің ашылуына әкеліп соқты, ақпаратпен жұмыс істей білу сынды мүмкіндіктер пайда болды. Көптеген білім ордаларында әлемдік кітапханаларға ену, жылдам сұранысты орындау қалыптасты. М. Кастельс мынадай мысал келтіреді: 1995жылдың өзінде ақпаратты беру жылдамдығы 1 минутты құраған, бұндай техникалық мүмкіндіктер білім алушылардың ойын өзгертетіні белгілі деген.

Мәдениеттанушы Әуезхан Қодар заманауи Қазақстан қоғамы жайында: “Біз егер бастыстық және Ресейлік медиа кеңістікке назар аударсақ, өзімізде ешқандай жаңалықтың жоқтығы». Өзімізге Құдай таңдағанда, біз болашақ тағдырымызды таңдаймыз. Философтың ісі – дүниеге деген альтернативті көзқарас орнату. Мартин Хайдаггер бойынша, философия мәселені жеңілдетпейді, қайта ауырлатады, себебі мәселелер «тегістікте» шешілмейді. Әуезхан Қодар – жан-жақты, бір жағынан, дәстүрлі мәдениетке үлкен орын береді, екінші жағынан, жаһандану процессін де қолдайды. Далалық мәдениетке тән прогрессивтілік ендігі жерде әлемдік ақпараттық кеңістікке ене алады. Егер қазақтар өз рухани келбетін сақтап қалғысы келсе, өзінің тамыры – тәңірлікке оралуы тиіс. Нағыз сенім – ол сенімге ие немесе ие емес, ал үшінші құбылыс берілмеген, сол себепті, тамырымыздан ажырап, ауада теңселіп тұрмыз. Ислам және христиан экспансиясы өте қарқынды жүруде, ислам біздің негізімізді жояды, қазақты рухсыздандырады. Тәңірлік – неотәңірлік Қазақстанның жаңа рухани қайнар-көзі болатын еді, ол ешқандай фанатизмді талап етпейді, өзге діндермен тай-таласпайды, өзге танымдарды да бойына жинай алады. Тәңірлікте ежелгі дүниетанымның негізі болғандықтан, ол ешқандай «кітап пен пайғамбар» қажет етпейді. Әр тәңіршіл сол сенімнің кітабы іспеттес болып табылады, кейбір тәңірлік жазбалар манихейлік кітапханаларда сақталғаны да белгілі. Жазушылар одағы деген бір-біріне медаль мен жолдама беретіндердің ордасына айналып бара жатыр. (2009 жылғы интервью, 2018 жылы болған жағдай есімізде). Ақпараттық портал атына ие сайттардың деңгейі көңіл көңшітпейді. Ешқандай конструктивті, объективті құбылыс жоқ, аноним статусында түрлі ойлар айтады, ол қорқақтықпен тең. БАҚ өкілдерінің жағдай мүлде мүшкіл, сайттар, газеттер, негзсіз, ойсыз телебағдараламалар, телевидение өлімнің алдында. Бұның себебі – идея жоқ, ойлы, мәнді идеяның жоқтығы. Номадалық рух – өте мобильді, белсенді, өмір сұрақтарына жауап қайтара алатын адам. Номад дәстүрлі қоғамның адамы, онда рулық сана болады, көшпелі тұрмыстан бөлек ғұмыр кеше алмайды. Әрине, біз көшпелі тұрмыстан ажырап қалдық, бірақ нағыз тамырлы дін мен дәстүрді сақтай отырып мәдениетті сақтауға болады. Аталмыш мәселемен арнайы «өмірін соған арнаған» тұлғалар айналысуы қажет, олар интеллегенция деген атауға ие, дейтұрғанымен де, олардың бүгінгі халі ауыр, тіпті, олардың біздің қоғамнан мүлде жойылып кету қауіпі бар, себебі, ешқандай позитивті белгі білінбейді.

Константин Кушнер ойы бойынша, заманауи мейнстримдер мәдениетке байланысты. Қазіргі кезде, конкуренция мен ресурсқа талас әлі де өз күшінде, бірақ, оларға қол жеткізу әдістері мен мақсаттары өзгерген.мәдениетсіз бұл

орта өмір сүре алмайды, бір өкініштісі –Қазақстан бүгінгі таңда мәдени провинцияға айналып отыр. Қазақстандық мәдени стандарттар қандай феномендер қалыптастырып отыр? Ақ Орда уақытында қоғамның «фольклорленуі» жақсы тенденция болды, ал қазір халықтың өзі осы процеске немқұрайлы қарайды, тек мейрамдарда ғана орындалады. Әуезхан қодар ойынша, фольклордың интеллектуальды-мәдени бренд ретінде жыраулармен қобызшыларды санайды, бірақ әзірге, олардың дамуға ие болғандары аз. Алматы немесе Астанада өтетін мәдени шараларға назар аударсақ (Моцарт, Шуберт, Шопен, Вивальди), олардың бірін мегаполис және астана деп айту қиын, шенунік немесе студенттерден өзге адам табу күрделі. 90-шы жылдарға назар аударсақ, өнер бойынша шет ел азаматтарынан арылмайтын көрмелер мен залдар болатын. Олар жергілікті идеяға қызығып, үлкен қаржылай «пир» жасаған болатын. Адамдардың елден қоныс аудару немесе кету себебін тек қаржылай факторға тіреуге болмайды, олар өздерін толық жүзеге асыруды қалайды. Мемлекеттің мәденеитке деген қатынасы түсініксіз әрі өзіндік болып табылады. Әнші әрі композитор Батырхан Шукенов «АйтPARK» сұхбат алаңында, билікте өнер жайлы дұрыс сұхбат жүргізетін адамның жоқтығын айтқан. Қазақстанда дұрыс концерт залдарының өзі тапшы, үлкен қалалар болмаса, олардың өзіннің акустикалық және музыкалық технологиясы дұрыс емес, көрермен билет алып, мәдени демалғысы келгенімен, оған қол жеткізе алмайды. Одан бөлек, Марат Исенов және Болат Атабаевтың айтқан ойлары да көңілге үміт ұялатпайды.

Мәдени тұрғыда провинция болу – қазіргі заманда үлкен қауіп, қазіргі уақыт өнер мн шығармашылық сұрағын тікелей қояды, онсыз экономика, әлеуметтік жүйе немесе мемлекеттік басқаруда прогреске ие болу мүмкін емес. Ақпаратпен жұмыстың негізі – мәдениетте екені белгілі. Қоғамдық ғылымдар «лимоны» XX ғасырда сығылып болған, ал қазіргі уақытта шығармашылыққа, өнерге және мәдениетке көңіл бөлу ғана маңызды, егер Қазақстан уақыт поездынан калып қойса, арадағы ерекшелікті еңсеру мүмкін болмай қалады.

Кибермоббинг– қоғамдық пікірдің адамға қаншалықты деңгейде әсер етуіне байланысты оның психологиялық жағдайын бағамдауға болады. Өзгенің пікірі бітруге шыбын шаққан құрлы эффект бермесе, біреулер үшін ол үлкен күшке ие, негативті немесе позитивті комментарийлерді былай қойғанда, индивидтің жеке адамгершілік және этикалық принциптеріне нұқсан келтіретін әрекеттер қаншама. Көптеген фобиялар мен үлкен әсерге сезімдер психоаналитикалық сараптамаларды қажет етеді.

Зигмунд Фрейд – классикалық психоанализдың негізін салушы. Оның психоаналитикалық ойлары мен еңбектері медицинаның жаңа деңгейге көтерілуіне әсер етті. Адам санасына терең бойлау арқылы оны түрлі ғылымдарға енгізу мәселесін де дамытқан. Адамзат мәдениетнің ең үлкен идеяларының бірі – алғашқы қауымдық адамының бейсаналық әрекеттерінен бас тартуы. Бұл идея оның алғашқы қауымдық қоғам туралы еңбегінде жарық көрді. Адам мәдениетін түсіну мақсатында Фрейд адамның жеке фантазиясынан бұрын қоғамдық мәдени әсерге мән берді. Бірінші еңбегі

«Тотем және табу» ааты еңбегі, ондағы негізгі ой алғашқы қауымдық адамның психикалық дамуы болды. Барлық анализдерді балалық фобиялар негізінде Эдип комплексі теориялық негізге ие болды. Аталмыш еңбектерінің жалғасы «Недовольство в культуре», мәдениет ұғымы кең, Фрейд мәдениет пен өркениет арасындағы ерекшеліктерді бағамдайды. Мәдениет концепциясында екі бастауды сипаттайды, біріншіден, онтогенез (адамның индивидуалды негізде даму) және филогенез (рулық негізде даму). Фрейд еңбектерінде «невротик психологиясы» мен «алғашқы адам психологиясы» арасында параллельдер жүргізген. Жеке адам мәдениетін қоғаммен байланыстыра отырып өзіндік концепция қалыптастырды. Мәдениет Фрейд ойы бойынша, тұсаушы, адам еркіндегі нәрселерді кесуші ретінде сипатталады. Мәдениет мәселелері түптеп келегінде дінмен де тоғысып жатады, фрейдизм индивид психикасын зерттеуге негізделген, бірақ, кешегі мен бүгіннің қоғамдық санасын зерттеуге бағытталған. Адамның негізгі мәселесі – өзінің бейсаналық тілектері мен моральдық шектулердің арасында өмір сүру. Соңғы кезеңдердің бірінде өркениеттердің дамуына көңіл толмаушылығын білдірген ол «Адамдар жоғары дамуға ұмтыламыз деп, бірін-бірі соңғы адам қалғанша жоюға әзір, қазіргі таңда барынша ақталуға тырысуда» деп өзін қорытындылады.[18]Кемшілік ретінде мәдениеттің барша масштабын есептемеуі және антропологиялық факттарға деген скептикалық ойлары жатыр. Пан сексуализм идеясының өзі де оның ізбасарларымен жоққа шығарылды. Дейтұрғанымен де, ғылымға әкелеген жаңалықтары да аз емес:

– Мәдениеттің дамуына байланысты адамның «бейсаналық» әрекеттерінің функцияналдығын анықтауы, көбіне адамда болатын психикалық ауытқулардың негізгі қайнар көзін сол сананың иррационалдық бөлімдерінен іздеу;

– Мәдениеттің психотерапевтік қасиеттерін ашты, мәдениетті зерттеу көзқарастарын жалғастырған В. Райх, О. Ранк, Г. Рохейм сынды ғалымдар бар, фрейдизм бойынша қызығушылық танытып, өздерінің іргелі еңбектерін М. Мид, Р. Бенедикт, Дж. Долларда сынды ғалымдар мәдениет зерттеуінде жоғары дәрежеге жетті;

– Фрейд еңбектері негізінде К.Юнг өзіндік концепция қалыптастырды, Фрейд ең танымал шәкірті ретінде Г.Рохейм саналады. Фрейд өз жаңалықтарымен адамзат мәдениетінің даму заңдылықтарын түсіну жолында секіріс болды. Оның адам санасының бейсаналық формасын түсіністікке ие болуына жақын етті.

Фрейдтік түсінігінде мәдениет деген:

1. Табиғаттағы түсінік берілмеген құбылыстарды саналық тұрғыда түсініп, адам табиғи қажеттіліктерін өтеу мақсаттарын игеруге мүмкіндік береді;

2. Адам қарым – қатынасын өзара үйлестіретін институттарды құруға мүмкіндік береді;

3. Адамның бейсаналық іс-әрекеттерін тежейтін қоғамдық мехнизм.

Мәдени антропологияның прогресске ие болуына психоаналитикалық метептің тигізген әсері үлкен. Ол бойынша, адам – психологиялық және биологиялық

тұрғыдан табиғи ерекшеліктері арқылы біріккен ғалымдар тобы зерттеу жүргізген. Соның негізінде қалыптасқан идея бойынша, адам баласының балалық шағы аса үлкен жауапкершілікке және маңызға ие деп көрестелді, есейген шағында болатын барлық психологиялық мәселелер тікелей сол шаққа байланысты. Кибермоббингтің негізін және адамға қандай жолдармен әсер ететінін анықтау үшін аталмыш ғылым саласының түйғыйығына бойлауымыз қажет. Психоаналитикалық мектептердің өзі құрылғаннан бастап екі үлкен бағыт қалыптасты, біріншіден, Зигмунд Фрейд идеялары мен шығармашылығын қайта жаңа деңгейде зерттеу және игеру мақсатына икемделсе, екіншісі идеялардың тым терең және көбіне қарама-қайшылықтарына байланысты оригиналды ойлардың өзін теріске шығарған да ойлардың болуына байланысты ерекшеленді, сыни пікірлер де болды.

Фрейд бойынша адамның даму тарихы неден басталады деген сұрақ қоюымыз қажет, бұл мәселенің бастауы ретінде этнограф К.Аткинсонның циклоп отбасы оқиғасын баяндау арқылы адамның мәдениетке жеткенге дейінгі жағдайын нақса сипаттайды. Ол оқиға бойынша, бірде әкесі және әйелдер бірге өмір сүрді, кейіннен ер балалар үйден қуылады, балалары әкесіне өшігеді, сол себепті олар бірігіп оны өлтіріп, жеп қояды, орда күйрейді. Бірақ, уақыт өте келе балалары жасаған ісіне өкініш, ұят және қорқу сезімдері орнайды. Сол себепті, бұдан кейін аталмыш сипатқа ие әрекеттерге тыйым салынады, өзімен туысқандық қасиеті бар әйелмен қатынас тоқтатылады. Ол экзогамия деген атауға ие, некелік-отбасылық қатынастарды реттеген жүйе болып табылады, ал керісінше бұл әрекеттерге жол беру мәселесі – эндогамия деп аталады. Уақыт өте келе тотем ұғымы пайда болып, ол әкемен байланыстырылады. Фрейд түйіндемесі бойынша адам санасында мәдениет мынадай түйіндерге бірігеді:

1.Эдип комплексі (әкеге деге өшпенділік сезімі)

2.Алғашқы дерттену жағдайы бойынша

3.Мәдени стандарттар негізіндеқұмарлықтың деструктивті қиратушылықтан нормаға бұрылу мәселесі

Зигмунд Фрейд ойы негізінде, адам баласында бұдан өзге де қасиеттер бар, тұмысынан адам бойында қиратушылыққа (садизм) икемі және құштарлығы болады. Сол қасиеттерді адамға мәдениет тұсау және бақылау үшін қажетті-мыс. Яғни, мәдениет – билік және бақылай білу қасиетіне ие болған аз адамдар тобының көпшілікке ұмтылған ережесі деп те атайды. Ал оның негізгі элементтері қатарына – ғылым, дін, өнер – ығыстырылуға байланысты көрсетеді. Адамзат мәдениеті еңбектен емес, не болмаса, қоғамдық қатынастардың жоғары деңгейге жеткендігінен емес, табиғи эротика және агрессиялық құмарлықтарға байланысты болып табылады. Мәдениет адамды тыяшы және өмірге бейімдеуші құрал, яғни, тұлғаның психологиялық мәселелерінің бастауы бола алады, адамның табиғи тілектері мен ойларын тежеу міндетті түрде психикалық мәселе ретінде қайта оралатын болады. Фрейд ойынша, мәдениет даму барысында прогресс тұнып тұр, оның мақсаты адамды жан-жақты дамыту болып табылады. Аталмыш тақырыпты одан әрі толықтыру мақсатынды Карл Гюстав Юнг еңбектеріне назар айдарсақ.

Карл Гюстав Юнг белгілі швейцариялық философ және психолог, «еркін ассоциациялар» әдісін енгізуші болып табылады. Мәдениеттің түрлі феномендік формаларын зерттеді. Фрейд идеяларынан ерекшелігі сол, либидо мәселесі жөнінде: Фрейд түсіндірмесі бойынша ол тек жыныстық-физиологиялық әрекеттер болса, Юнг оны өмірлік энергия, ал физиологиялық қажеттіліктер тек оның құрамдас бөлігі ғана болып табылады. Ал балалық шақ феномені бойынша, Юнг бойынша өткен шақ маңызды, дейтұрғанымен де, адамның болашаққа қойған мақсаты, тілегі оның санасына өткенінен кем әсер етпейді, мүмкін басты орынды алатын шығар, адам өмір бойы өзгерістерге ұшырайды. Сонымен қатар, ойлау және мәдениеттің өзара қатынасын анықтауға ұмтылады, олар бір-бірімен тығыз байланыста болады, мәдениет ойлау, ал ойлау мәдениет негізінде пайда болған. Салыстырмалы түрде әлемдік мәдениеттерді Батыс және Шығыс дилемасын бөлу мәнінде қарастырған, рухани және материалдық мәдениет аражігін ажырату үшін осы салыстыруға мән беру қажет. Сонымен қатар, халықтар арасындағы биологиялық және тарихи-мәдени қатынасты зерттеу мәселесін де жіктеуге мән бөлген. Мәдениеттің тылсым сырын түсіну өте маңызды, одан туындайтын ертегі, миф, аңыз бен түс жору мәселесі тікелей жоғарыда айтылған түсінікке байланысты әрі түсіндірме ролын атқарады. Адам интеллектісі де үлкен орынға ие, мәдениетті түсінудің бірден-бір құралы іспетті. «Ұжымдық көмескі сана» түсінігі бойынша адамзат бастауының ежелгі тамырында жатыр, яғни, алғашқы образдар мен формаларға байланысты «архетип» деген атқа ие болды. Архетип түсінігі мөр, мифологиялық санаға байланысты құрылымды білдіреді. Таза – табиғи түрде олар мифтерде, фольклорда кездеседі. Ол бірқатар бірқатар ежелгі өркениеттердің мифологиясы мен көркем шығармашылығын зерделеп, соның негізіндегі архетиптерді зерттейді. Мәдениеттің негізі рәміздері қалыптасу үдерісі деп есептеген Юнг мәдениет және адамның дамуын адамдардың инстинктілі табиғатын жаншудың ауыр үдерісі дегенге саяды. Юнг ұғымдары ішінде, әмбебаптылық мәселесі адамды неврозға шалдықтыру дәрежесенің жоғарылығы бар, ал қоршаған ортаның құлдырауы барысында күрделене түседі. «Интроверсия» адамның қуатының өзінің ішкі жан-дүниесіне бағытталуы, «эктроверсияның» - сыртқы дүниеге бағытталуы айтылады. Осының нәтижесінде Батыстық мәдениет эктроверсиялық, ал Шығыстық мәдениетке интроверттік сипат берген болатын. Интроверсия адамға сана мен ұжымдық көмескі арасындағы балансты орнатады.

Карл Гюстав Юнг - Фрейдтің шәкірті, «аналитикалық психологияның» негізін салушы, «ассоциациялар» әдісін енгізуші.

2.2 Кибермоббинг және әлеуметтік желілердегі «құрбандар» феномені. Әлем мемлекеттері мысалында

Әлем елдері аталмыш мәселе бойынша үлкен шараларды қолға алғаны белгілі, мәселен, заңдар, арнайы комитеттер, білім беретін бағдарламалар

қабылдауда, батыс мелекеттерінде бұл мәселе қаржылық-банктік жүйеде көп тіркелсе, пост кеңестік мемлекеттерде ол ақпараттық сипатқа ие. Төменде келтірілген мысалдарға назар аударып, тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін қарастыруымыз қажет.

➤ Германия

Ғаламтор кеңістігіндегі дискриминациялық әрекеттер бүгінде үлкен қоғамдық мәселе екені белгілі. Бұл мәселе бойынша Германия әділет министірі Хайко Маас үкімет барынша әрекет етіп жатқанын байқатып отыр. Мәселен, қылмыстық кодекстің 201а параграфы бойынша, ғаламторда дескредиттеуші немесе әпсаналық әрекеттер қылмыстық категорияға жатады, бұның өзі жеткіліксіз деп отырғанын ескерсек, неміс үкіметі мәселені түбегейлі шешуді мақсат еткен сынды. Ал адвокат Штефан Виттелер өз кезегінде, кибермоббингтік әрекетті анықтау мүмкіндігінің төмендігін айтады, ол уақыттық және географиялық кеңістікке шекарасыз өмір сүретіні тағы бар, құқық қорғау қызметінің әлі де болса бұл мәселеге мән бермейтіні де жасырын емес. Сондай – ақ, анонимдік есімдердің арғы жағында отырған «мобберлер» көбіне жазасыз қалып отыратынын ескерсек, бұл әрекеттердің әлі де болса азаймасы анық, әлеуметтік психология маманы Катарина Кацер зерттеулері бойынша, неміс жас – өспірімдері, 12 – 18 жас арасында 25 % - ы аталмыш әрекеттердің құрбаны болды деп көрсеткен, бұл 500 мың адам деген сөз, осындай көрсеткіштер оның күшін көрсетеді.

Неміс қылмыстық кддексінің 202 және 303 баптарында Daten атауына ие заңы бойынша, кез-келген субъектіге арналмаған ақпарат өзге топтардың қолында болып жатса, салдарында ол ақпарат өзгертіліп, жойылып және зақымдалып жатса 2 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

➤ Америка Құрама Штаттары

АҚШ территориясында кибермоббингке қарсы заң жобасы 1977 жылдың өзінде пайда болған, осыған орай 1984 жылдың қазанында компьютерді арам пиғылда пайдалануға тұсау салу заңы қабылданды, оның ішінде:

1. Компьютерлік шпионаж немесе жеке басқа байланысты ақпарат жинау, сәйкесінше, бақылау және қоқан-лоққы жасау әрекеттерінің алдын – алу;
2. Компьютерлік алаяқтық, яғни, персоналдық ақпараттарға қол жеткізу арқылы қаржылық және т.б финанстық заңсыз әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін тежеу.

Кибер қылмыстың жазасы оның дәрежесіне, экономикалық шығын көлеміне сәйкес, келтірілген залал және сотталушының өткен заңбұзушылық әрекеттеріне сай айыппұл немесе бас бостандығынан айыру сынды жазалар қолданылады. Соңғы кезеңде Америка үкіметі аталмыш заң жобасын қайта қарап, оларды ауыр қылмыстар қатарына қосып, 15 тен 20 жылға дейін жаза тағайындау мәселесін қарастыруда. Ең үлкен кибер қылмыс соңғы президент сайлауына байланысты – мыс, Дональд Трамп жеңіске жетуінде аталмыш мобберлер қоғамға өз әсерін тигізді деп қарастырылуда, бір сөзбен, кибер

қылмыс тұтас мемлекет және әлем тағдырына әсер ететін күшке ие болды деген сөз.

Қазіргі таңда, Америка және НАТО елдері әлемдік ғаламтор және ақпараттық қауіпсіздік бойынша алдыңғы орында, әринең саяси факторды естен шығармау қажет, «үлкен саяси ойыншылар» үшін заманауи қауіпсіздік мәселесі бастылардың бірі. Негізгі заң 2011 жылы қабылданған «АҚШ-тың киберкеңістік бойынша халықаралық стратегиясы». Оның негізінде үш үлкен принцип жатыр:

- Ой білдіру еркіндігі;
- Жеке ақпараттардың қауіпсіздігі;
- Ақпарат алу еркіндігі.

Стратегия АҚШ-тың негізгі мақсаттарымен бір ортаға біріккен, яғни, еркін де ашық, қолжетімді және қауіпсіз ғаламтор кеңістікті қалыптастыру, сәйкесінше, коммерциялық қызметтің де өркендеуі басты мақсаттарының бірі. Заманауи және инновациялық жаңалықтардың кең қолданылуы да қарастырылған. Халықаралық мәселелерді шешудегі де негізгі идеяның көріністері аталмыш стратегияның негізінде қалыптасқан:

- Халықаралық жүйелердің өзара үйлесімділігі;
- Жүйенің тұрақтылығы;
- Желідегі ресурстарға еркін қолжеткізу мүмкіндігі;
- Көпжақты басқару;
- Мемлекеттердің кибер қауіпсіздікті қамтамасыз етуі.

Стратегия бойынша үш басты халықаралық векторлар көзделген: халықаралық дипломатиялық қатынастардың дамуы, жүйені күшейту арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және осы жүйелердің үздіксіз дамып отыруы үшін инвестиция салу мәселесі. Осыған орай, НАТО және ОБСЕ (ЕҚЫҰ) сынды халықаралық құрылымдармен біріге отырып бірнеше жобалар іске асырылған. 2013ж. Ақ үй қабылдаған «инфроқұрылымдық объектілердің қауіпсіздігі» атты заң жобасы FBL және өзге де сауда, экономика және әділет министрліктері және Ішкі қауіпсіздік қызметінің біріге отырып әрекет етуіне септігін тигізді. Cyber Intelligence Sharing and Protection Act атты заң, өз кезегінде, заңсыз контенттың таралуына тосқауыл болды. Кибер қауіпсіздік мәселесі бойынша өткізілетін әр конференция мен жиындардың барлығына АҚШ қатысады, халықаралық қатынастан бастап жеке секторға дейін, бұл өз позициясы мен ойларын жеткізудің негізгі мүмкіндігі болып табылады. Қазіргі уақытта, әлемдегі кибер қалыптастырушы негізгі базалық мемлекеттер саны 3, олар Ресей, Қытай және Құрама Штаттар. Белгілі болып отырғандай, аталмыш мемлекеттер бір позицияны ұстанудан алыс, еркін ғаламтор желісінен бастап еркін ой білдіуге дейін. Соған қарамастан, бұл мемлекеттер кибер қауіпсіз желі қалыптастыру бойынша өткізілетін жиындардың тұрақты қатысушысы, мәселен, Лондон, Будапешт және Сеулдегі конференциялар. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы да бұл процеске белсенді араласуда, Генералды Ассамблеяның Бірінші комитеттің негізгі міндеттерінің біріне осы кибер қауіпсіздік мәселесі кіреді. 2013 жылы ұзақ келіссөздердің нәтижесінде АҚШ

және Қытай мемлекеттері біріге отырып, кибер қауіпсіздік мәселелерін қамтитын сұрақтарға жауап табатын жұмыс тобын қалыптастырды. Бұндағы АҚШ позициясы әскери жаңалықтардың желіге таралу мүмкіндігін жою еді, ал Қытай үкіметі «қажет емес» ақпараттардың өз мемлекеті ішінде таралуын тоқтату болатын. Осындай сипатты байланыс Ресей мемлекетімен арада қалыптастыру мәселесі көзделген. Саяси көзқарастар мен позициялардың әр тараптылығына қарамастан, үш мемлекет өсіп отырған кибер қауіпсіздік мәселесі жолында бірге әрекет етуде.

Стратегияның өзге де мақсаттарының қатарына өзге елдердің кибер қауіпсіздігін қамтамсыз ету және жәрдем беру болып табылады, яғни, мамндар даярлау, сертификация және жедел әрекет ету мүмкіндігін жетілдіру, Ауғанстан мемлекеті де сол елдердің қатарына енеді. Бұндағы мақсат асқан саяси альтернатив емес екені анық, дамушы және өзге де мемлекеттер өз желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ болса, ол әлемдік жүйеге орасан зор ықпал етеді. Ғаламтор үлкен тәуелсіз жүйе, онымен бірігіп қатынас орнатпаса, оны бақылау мүмкіндігі аз.

Тағы бір үлкен мақсат – болашақта аталмыш сипатты қауіптің алдын-алатын ұрпақ тәрбиелеу және оқыту. Бұл жоба Stop-Think-Connect деген атауға ие, мемлекеттік және жекеменшік секторда қызмет ететін жоғары профессионалды ұрпақ қалыптасатыру қажеттілігі жоғары. Ұлттық ғылыми фонд қалыптастырған **Cyber Watch** жобасы бойынша бүгінде мемлекет ішінде 29 штат, 50 муниципалды колледж және 45 университет араластырылған, енді қанша студент білімге қол жеткізе алатынын елестетіп көрелік, көп. 40 жеке меншік компаниялар да үлкен қызығушылық танытуда. Ендігі жерде, аталмыш жоба бойынша мектептерде жұмыс жүргізу жоспарланып отыр. Cyber Watch – АҚШ, мүмкін, әлемдегі кибер қылмыспен күрес жүргізу білімі жоғары бірден-бір оқу жобаларының бірі.

➤ НАТО альянсы

2002 жылы НАТО мемлекеттері басшыларының деңгейінде алғашқы кибер шабуыл болды, сол сәттен бастап, бұл ұйым кибер қылмыспен күрес үшін үлкен күш жұмсауда. Жүргізілген болжау болашақта кибер қылмыс үлкен масштабты қамтыған тұтас мемлекеттер мен құрылымдарға қауіп төндіреді деп топшыланған, қазір көріп отырғанымыздай, қателеспепті. Соңғы 12 жылда аталмыш бағытта ұйым тарапынан үлкен мән беріліп отыр. Негізгі бағыт - ұйым пайдаланатын жүйелердің қауіпсіздігі. Бұл мәселе Ұлттық сипат алып, әр қатысушы бұған баса мән беруі қажет. Кибер қылмыс шекара талғамайды, сол себепті альянс барлық көмек көрсету әрекеттеріне дайын екенін білдірген. Бұл жұмыстарды Солтүстікантиантикалық Кеңес жүзеге асырып, жаңа қауіпсіздік саясатын қалыптастыруда. Бірігіп әрекет ету орталығы – Таллинде орналасқан, 11 мемлекет аталмыш ұйымға демеушілік білдірсе, тағы 2 мемлекет демеушілік білдіруге дайындығын білдірген. (Эстония, Германия, Венгрия, Италия, Латвия, Литва, Нидерланды, Польша, Словакия, Испания және АҚШ. Франция, Түркия және Ұлыбритания). Кибер қауіпсіз аймақ қалыптастыру үшін үлкен ғылыми және заманауи технологиялық потенциал қажет екені белгілі, сондай-ақ,

консультация және өңдеу мәселелері тағы бар. Ұйымның негізгі мақсаты – НАТО шекарасындағы кибер қауіпсіз кеңістік қалыптастыратын негізгі орталыққа айналу. Ұйым 3 бағытта жұмыс жүргізеді, саяси және заңнамалық сұрақтар, білім беру мәселесі де басты назарда. Ұйым аталмыш бағытта масштабты әрекеттер жасады, ғылыми жарияланымдар және конференциялар жиі ұйымдастырады. Парадокс ретінде кибер қылмыскелер де өз профессионалды деңгейін көтеруде, жеке сектордан бастап мемлекеттік жүйеге дейінгі аралықта қылмыстар ұйымдастыруда. Оның түбінде саяси, әлеуметтік және криминалды мүдделердің жатқаны сөзсіз, бұл рәсімдер мемлекеттер өзара бір бағытқа келгенше жалғасуы мүмкін. Олар кибер қылмыскер, мемлекеттік тұлға немесе жеке дара әрекет етуі мүмкін. Гармеш-Партенкинхен конференциясының негізінде жоғарыдағы идеялар айтылған.

➤ Ұлыбритания

1990 бастап компьютерлік қауіпсіздік туралы акт қабылдап, ол бойынша өзгенің жеке өміріне еш негізсіз әсер ету қылмыс деп есептелген. Егер белгілі бір жеке ақпараттар жойылып, өзгертіліп және жымқырылып отырса, белгілі ақпарат көшіріліп және өз орнынан өзге локацияға ауыстырылатын болса 6 айға дейін бас бостандығынан айыру немесе айыппұл қарастырылған. Ғаламторды бақылау қоры (Internet Watch Foundation), (UK Council on Child Internet Safety) балаларды қорғау ұйымы бар, барлық негативті сипатқа ие ақпараттарды бұғаттап отырады. Сонымен қатар, қоғамды жалған және зиян ақпараттардан қорғайтын Байланыс бойынша кеңсе де қызмет атқарады. Аса үлкен халықаралық резонанс туғызған заң 2000 жылы қабылданды, ол бойынша, кез-келген киберкеңістікте берілген қандай да бір жүйенің жұмысын зақымдап немесе жоятын болса бұл терроризммен бір деңгейде деп есептеліп, сәйкесінше жаза қолданылған.

➤ Нидерланды

Мемлекет аталмыш цифрлық технологиялар қоғамда орын ала бастаған сәттен бастап оны рационалды түрде бақылауға алды. **Консультативтік кеңес** құрылып, ол өз кезегінде, ғаламтордағы және өзге де цифрлық технологиялар арқылы таратылатын ақпараттарды бақылап, сәйкесінше, қылмыстық дәрежеде бола алатын категориялар тізімін жариялады. Осындай арнайы құрылған комитеттер арқылы барлық ақпараттық лек бақыланып отырады.

➤ Қытай Халық Республикасы

Ғаламторды бақылау өте күрделі, ол бір тек шектелген кеңістікте ғана емес, үлкен миллиондаған компьютерлер арасындағы байланыс, соңғы екі компьютер қалғанша ғаламтордың болатыны белгілі. Қытай үкіметі осындай зор жүйенің өзін толықтай болмаса да, өз шекарасында бақылау мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұл жүйе «Ұлы Қытай Файерволы» деген атқа ие. Ол өз кезегінде, сізге «қажет» емес ақпаратты бұғаттап, сіздің жеке парақшаңызда оларды шығармайды. Аталмыш жүйе Қытай қолданушыларынан шығатын ақпараттар мен сыр мемлекеттерден келетін ақпараттарды тікелей Компартия арқылы өңдеп, немесе бұғаттап отырады. Қажеттілік деңгейі төмен ақпаратты тасымалдайтын сайттарды «қара тізімге» енгізу арқылы олардың жұмысын

шектеп отырады. China Telecom, China Mobile және UniCom сынды алып медиа компаниялар тікелей Қытай үкіметіне бағынады.

Осыған орай, BBC Future арнасының шолушысы, антрополог Том Макдональд Пекин және Шанхай арасында орналасқан Аньшань атты «ауыл» типтес елдімекенде әлеуметтік желілер және ғаламторды пайдалану әрекеттерін зерттеу мақсатында орын тебеді. Үлкен қалалардағы қалыптасқан өркениеттік жүйеден алыс орналасқан бұл жер, бәріне қарамастан, өте жоғары деңгейдегі инновациялық онлайн кеңістік бары белгілі болды. Бақылауға алынған желі қызықтылығы мен креативтілік деңгейі төмен болып көрінуі мүмкін, дейтұрғанымен де, ол онлайн карнавалға ұқсайды екен. Ғаламтор форматы 4G екенін білген Макдональд Йоркширдағы көп елдімекендерде оның жоқ екеніне таңданысын жасырмаған. Тіпті, алыс елдімекендердің өзінде жоғары прогрессивтік белгілердің болуы, расында, таңғалдырады, батыс әлемін әлдеқашан басып озғаны белгілі болды. 2008 жылдың өзінде жүргізілген зерттеуга байланысты ҚХР АҚШ-ын қолданушылар мен сапа бойынша артта қалдырған екен, олардың саны 700 млн, ал оны 178 млн қалалардан алыс тұрады. Жылдамдығы өте жоғары QQ және WeChat атты әлеуметтік желілер ең көп пайдаланылатын болған. Ол тіпті, Facebook – өзінен де ыңғайлы екені белгілі болды. Басты айырмашылық ретінде – Қытай желі қолданушылары саясат жайлы мүлде ой бөліспейді екен. Негізгі тақырып ретінде – отбасылық құндылықтар екен. Эмоджилер тізімі өте креативті екені таңғалдырған. Виртуальды ақша формасы бар екендігін айтқан. Social Media in Rural China атты еңбегінде осы мәліметті баяндайды. ТаоБао немесе AliBaba сынды қосымшаларды көру арқылы Қытай прогрессінің деңгейін байқай аласыз.

2017 ж. күшіне енген заң бойынша провайдер – операторлар қолданушылар жайлы барлық ақпаратты тікелей үкіметке тапсыруы қажет, осы арқылы көрсетілетін қызметтің сапасын көтеру көзделген. Сондай-ақ, өзге ел азаматтарының парқшасында бақылау мүмкіндігі бар, сол арқылы сырттан келетін кибер қауіптің алдын-алу мүмкіндігі бар. Ұлт аралық, конфессия аралық немесе дискриминациялық әрекеттердің барлығын алдын алуға үлкен күш жұмсалуда. Бұл заң жобасы негізінде шетелдік компаниялардың жергілікті компаниялардан артықшылығы төмендейді, Microsoft сынды алып компаниялардың орны әлсіремек, Қытайдың IT әлеуеті бүгінгі таңда 340 млрд. долларды құрайды. Аталмыш тәжірибені Ресей үкіметі де қарастыруда.

➤ Ресей Федерациясы

Ресей хакерлерінің 2016 жылығы «табысы» 2,5 млрд рубльді құраған, ал 2017 жылы әлемде аталмыш тенденция күшті орын алған. Процестің апогейі ретінде 150 мемлекетте 150 мың қолданушы зардап шеккен WannaCry вирусы болды. J'Son and Partners Consulting орталығының басшысы Герасимовтың айтуы бойынша, ақпараттық қауіпсіздік айналымының көлемі 85 млрд рубльге жеткен, бұл көрсеткіш нақты болып табылмайды. Бақылаушы орган ретінде тек ФСБ және ФСТЭК деп саналады. Кибер қылмыстың негізгі мақсаты – дұрыс қорғалмаған қаржы қорларының есепшоттарына қол жеткізу арқылы қаржы табуы, минималды тәуекелге бару арқылы максимум пайда табу хакерлердің

негізгі ұраны іспеттес. Банктердің бүгінгі таңда осы мәселеге баса назараударуы осыдан. Барлық бизнес орталықтары, банкинг және мемлекеттік цифрлы технологиялар пайдаланылатын барлық жүйелер қауіп үстінде деген сөз. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласында да кибер шабуыл болуы ғажап емес, яғни, медициналық технологиялардың істен шығарылуы сынды мәселелер. Көбіне тек мемлекеттік стандарттарға сай болуы үшін ғана қажет ақпараттардың жүйеге енгізілуі орасан зор шығынға әкеліп соқтыруда. Бақылаушы органдарға тек кейбір «қағаздардың» дұрыс толтырылуы ғана қажет, ал шын мәнінде, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі қатты толғандырмайтын секілді. Оған септесетін коррупция мен адамдар психологиясын есептесек, шын кибер қылмысенолер кім деген сұрақ ойға келеді. Бақылаушы адамдардың дамытушы адамдардан көп болуы мәселенің өзге жақтарын көрсетеді. Тағы бір үлкен мәселелердің бірі – IT мамандарға берілетін жеңілдіктің жеткіліксіздігі. Қаржының жеткіліксіздігі мәселенің шешілуін тежеуде. Әлі де болса Ресей азаматтары кибер шабуылдан ешқандай кепілденген қорғау жоқ екені белгілі. Әлемде киберқылмыс көп тіркелген елдердің ішінде Ресей 2 орында, бірақ, АҚШ та оның көлемі 41% болса, Ресейде тек 10%, яғни, әлі де уақыттың бар екені бегілі.

Ақпараттық қауіпсіздіктамтамасыз ету үшін көптеген техникалық, ұйымдастырушылық элементтерды бір ортаға жинақтаған ақпарат массасын бақылайтын күрделі құрылым. Барлық ақпараттар легін қоса алғанда, оларды өңдеп, таралу мүмкіндігін бағамдау үшін келесі бөлімдер қарастырылған:

- Мемлекеттік және коммерциялық құпия сауһқталу мәселесі;
- Мемлекеттік сипаттағы серверлердің қауіпсіздігі;
- Ақпараттық – психологиялық блок, қолданушыға әсер ететін және имиджіне қатысты мәселелерді шешу.

Ақпараттық кеңістік шекарасының болмауына байланысты оған қарсы әрекет ету мүмкіндігі төмен, бірақ, жеке қорғайтын инфроқұрылым қалыптастыру арқылы жол табуға болады. Өте үлкен көлемдегі ақпараттар легі ғаламтор желісі арқылы мемлекеттер арасында беріліп жатады, ақпараттардың көп бөлігі белгілі бір мемлекет аймағында тыйым салынған болып табылады. Қорғану технолгияларынан қарағанда «шабуылдаушы» технология үлкен қарқынмен дамуда, мемлекеттік жүйе сапалы қорғаныс технологиясына ие, дейтұрғанымен де, қоғам, коммерциялық ұйымдар тарапы қолданысқа түскеннен бастап ол жүйе қауіп – қатерге ұшырайды.

Көптеген мемлекеттер осы шараларды әрдайым жаңартып және дамытып отырады, бірақ, кибер шабуылдар 2012 жылдың президент сайлауында 1,2 млн аталмыш сипаттағы әрекеттер болған, ал Израиль 44 млн, Ирак 28 млн және АҚШ 12 млн астам кибер шабуылға ұшыраған. Содан бері 2016 жылдың өзінде мемлекеттік және коммерциялық жүйеге 70 млн шабуыл жасалған. Құқық қорғау органдарының бұл «қылмыскерлердің» жолын кесу әрекеті қиынға соғады, себебі, олар өзге мемлекет азаматтары немесе «әлем азаматтары». Жоғарыдағы факторлар ортақ әлемдік кибер кодекс қалыптастыруға сеп болып отыр. АҚШ қорғаныс министрі Леон Панетта кибер

шабуылды қарулы шабуылға теңестіру идеясын жариялады, яғни, кибер қылмыскерлер жасаған шабуылдар нәтижесінде емханалар мен химиялық орындар тартатын зардап көлемі орасан зор, ядролық шабуылмен пара-пар екені белгілі. Соңғы уақытта, кибер шабуыл өте актуальды және күшті саяси құралға айналып отырғаны да белгілі, сәйкесінше, финанстық үлестің жоғары екені де белгілі, сол себепті, кибер қылмысты криминалицияға әкелу өте маңызды болып отыр.

➤ Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда ақпараттандыру порцесі тұтас әлеуметтік өмірдің барлық бөлігін қамтыған. Ақпарат – мемлекеттің ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі болып табылады. Аталмыш ресурсты игеру жолында әлем елдері «ақпараттық» қақтығыс орнатуда. Жаңа геосаяси артықшылықтарға ие болу үшін көп елдердің қорғаныс министрліктері ақпараттық қауіпсіздікке көп мән берілуде. Компьютеризация және информатизация процесі активті түрде жүзеге асырылып, ақпаратты тудыру, өңдеу және сақтау жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне де енгізілуде. Әскери әрекеттерді сапалы деңгейге көтеруде өте маңызды. Маңызды мемлекеттік ақпараттық технологияларды қауіпсіздендіру, компьютерлік желілерді сақтау үшін маңызды. ҚР «Ұлттық қауіпсіздік» туралы заңында мемлекетке қауіп төндіретін ақпараттық категориялар көрсетілген:

– Ақпараттық, программалар мен өзге де ресурстардың толық формада болмауы, ауыстырылған, өзгертілген және жойылған болмауы, сонымен қатар, құжаттардың фальсификациялануы (қолдан жасалуы);

– Ақпараттық жүйелердің бұғатталуы, технологиялық процесті зақымдау, әрекет алгоритмін бұзу;

– Ақпараттық басшылық орнату мақсатында жасалған кибер шабуылдар

Бұл қауіп-қатер түрлі мемлекеттердің өзара ақпараттық кикілжіндері, альянстар арасындағы бақталастық негізінде және террористік ұйымдардың арасындағы ақпараттық соғысқа әкеліп соғуы әбден мүмкін, тіпті, оның басталып кеткені де жасырын емес. Осыған байланысты, Қарулы күштердегі және өзге де қауіпсіздік қызметі үшін әрдайым мониторинг жасау және қауіпті ақпараттың шығу арналары мен таралу мүмкіндігін байқау, ондағы негізгі мүддені анықтау, қорғаныс құралдарын жаңартып, жетілдіріп отыруға; ақпараттық қауіпсіздікке қажет сертификация және қосымша қорғаныс құралдарын беру; құрылымдырдың өзара байланысын жаңа деңгейге көтеру; ақпараттық қауіпсіздікке орай кадр даярлау мәселесін қарастыру қажеттілігі туып отыр. Мемлекеттік құпияны және ақпараттық қауіпсіздікті сақтауға кепілдік бере алатын білікті маман даярлау бірінші міндет. Бұл жолда еліміздің әскери және жоғары білім беретін орталықтарын біріктіу арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Берілетін негізгі білімнің заманауи стандарттарына сайлығын қамтамсыз ету де маңызды. Осыған орай, бүкіл әлемдік универсалды бақылау және қорғау ұйымын құру мәселесі әзірге

жүрмей тұр. Сол себепті, ҚР ҚК алдында аса маңызды миссия тұр, ол – мемлекетті қорғау

Қазақстан экономикасының өзге елден импортталатын бағдарлама жасайтын және өзге ақпараттық технологияның әп сәтте саяси жүйенің өзгеруіне байланысты қауіпті болып шыға келетіні де белгілі

Қазақстан «Лаборатория Касперского» атты жүйеге назар аударсақ, еліміз әлемнің ең көп кибер шабуыл жасалатын мемлекеттер ішінде 30 орынға ие екен, 18 және 27 орындар арасында бұл көрсеткіш құбылып отырады. Осыған сәйкес, кететін шығын көлемін минимизациялау өте маңызды.

2011 жылы қабылданған Концепцияға байланысты ақпараттық қауіп-қатер тізіміне келесі:

- Өндіру көрсеткішінің төмендігі, заманауи технологиялардың ақпараттық-коммуникативтік жүйелердің қоғамның талаптарына сай болмауы;

- ҚР ақпараттық технологияларды импортына тәуелділігі және олардың қолданылуы кезінде мемлекеттік деңгейде зиян келуі,

- Аталған кемшіліктерді түзету мақсатында 2016 жылға дейін келесі шараларды ұйымдастыру көзделген;

- Ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерді дамыту;

- Ғаламтор желісіне қосылған тұрғындар санын көбейту 40 % дейін;

- Отандық компьютер өндірісін қолдау;

- Ақпараттық және мемлекеттік құпияны сақтайтын мамандар даярлау.

Қазіргі жағдай қандай?

2015 жылы ақпараттық технологияларға 375600,4 млн. тенге жұмсалған. 2014 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда ІТ технологияларға бөлінге қаржы 37%, ал 2011 жылмен қарасақ – 43% көрсеткішке ие болған.

ІТ мамандар даярлау барысы

Қазақстанда бұл мәселе ұзақ уақыттан бері үлкен актуальдылыққа ие. Түрлі ойлар және идеялар айтылғанымен де, мәселе өз шешімін толық тапқан жоқ. Мәселенің негізіне үңілсек, ЖОО дайындалған түлектердің біліктілік дәрежесі, еңбек нарығында олардың қажеттілігі, мекемелердің өз қызметкерлерінің квалификациясын көтеру мәселесі.

Есесіне, өзге елдік мамандардың қызметіне еліміз орасан зор қаржы жұмсайды. Ал өз мамандарымыздың дайындығы мен білім алуына жұмсалатын қаржы көлемі жоғары көрсеткіштерге ие емес.

Білікті кадрлар даярлауда пайда болатын мәселелердің бірнеше факторы бар. Біріншіден, жұмсалатын қаржы ЖОО болып жатқан процесті шын мәнінде бейнелей алмайды. Екіншіден, мемлекеттік органдардың жаңа технологиялармен жұмыс істеу дәрежесі толық анықталмаған. Үшіншіден, жұмыс істейтін мамандардың барлығы тек шетелдік деуге де болмайды, мәселен, АО «Национальные информационные технологии» атты ұйым барлық мемлекеттік құрылымдар жұмысын атқарады.

ІТ мамандар даярлайтын ЖОО саны өсу тенденциясы байқалуда, дейтұрғанымен де, олардың өзге мамандармен бәсекеге қабілеттік деңгейі анық емес. Өз кезегінде, қазақстандық компаниялардың өз мамандарын тәрбиелеуде

тәжірибегінің аздығы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың пайдаланылуына басты кедергілердің бірі болып отыр.

IT нарығының негізгі «ойыншылары»

Қазақстандағы іске асырылатын IT процестерінің дені шетелдік компаниялар үлесінде. Мысалы, негізгі 3 компанияның қатарында: HP, Lenovo және Acer. Ал қымбат көрсетуші бағдарламалар қатарына Microsoft, SAP және Oracle кіреді. Желілік интеграция мен консалтинг бойынша ресейлік және қытайлық – Джет, NVision және Huawei. IT саласындағы ұлттық көшбасшылардың 80 % үлесі техника тасымалдаудан тұрады, ал оны өндіру және жетілдіру, қызмет көрсету саласы 20% ғана құрайды. Қазақстанда жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан салалардың бірі – электронды сауда. E-commerce сол қатардағы көшбасшылардың бірі, негізгі тенденцияға айналған бөліктердің бірі travel, негізінен әуе және теміржол билеттері, қонақ үй брондау, тұрмыстық техника саудасы құрайды. Сонымен қатар, мобильді байланыс төлемдері, коммуналды қызмет көрсету және жол ережесін бұзуға байланысты төлемдер де қарқынды дамуда. Электронды үкімет жобасы да қарқынды өсім көрсетуде. Бұл көрсеткіштер қазақстандықтарға ғаламтордың қолжетімділігі артқанының негізгі көрсеткіші. TNS Web Index, көрсеткіші бойынша Интернет — Қазақстандағы негізгі өсу деңгейі бақалатын медиажелі болып табылады, БАҚ сұранысынан 2 есе жоғары болып отыр.

Қазақстандағы ғаламтор өсімінің нақты көрсеткішін анықтау күрделі, оған себеп, қолданушылардың жас көрсеткіші мен қолдану жиілігі мәселесінің қиындығы, сандық көрсеткіштеп сапа мәселесін ашып көрсетпейді, бірақ, қазіргі таңда ғаламтор қолжетімділігіне жауапты инфроқұрылым жақсы қарқынды дамуда, баға және мобильді интернет жаңа деңгейге шығып отыр. Сол себепті, ғаламтор қолжетімділігі деңгейі арта түсті.

Жоғарыда атап өткен факторлардан шығатын қорытынды, біріншіден, Қазақстандағы IT технологиялар қызмет көрсетуге бағытталған, екіншіден, ақпараттық технологиялар саласының дамуында шетелдік компаниялардың үлесі жоғары, сол себепті, тәжірибе алмасу мүмкіндігін пайдаланып сапалы ақпараттық жүйе қалыптастыруға назар аудару қажет. Үшіншіден, импорт санын шектеп, жергілікті өндіріске қажетті көңіл бөлінбей отыр, бұл өз кезегінде, Қазақстанның шетелдің технологияларға жоғары деңгейде тәуелділігін арттырады, сыртқы экономикалық және саяси өзгерістер салдарынан қызмет көрсету мәселесі кешеуілдеп қалу мүмкіндігі жоғары болып отыр. Импортқа тәуелділік және оларды қарқынды пайдалану кибер қылмыс пен өзге де қауіпті процестерді туғызады, жалпы ақпараттық толқынның бақылану деңгейі төмендейді. Және бастысы ақпараттық жүйелердегі аутсорсинг мемлекеттік немесе жеке меншік қаржы көлемін өзге мемлекет экономикасына құйылған болып есептеледі. Қалыптасып отырған жағдай, ішкі нарықтың толыққанды формаға ие болмауы жергілікті компанияларға рентабельділік деңгейін төмендетеді, сәйкесінше, олардың қалыптасуы қиынға соғады, сонымен қатар, жергілікті компанияларға жоғары білікті мамандарды игеру олардың аз сұранысқа ие болуына байланысты қиын болып отыр.

1974 жылы жеке персоналды компьютерлер пайда болғаннан бастап ол жаһандық сипат алды. Жаһандық сипаты бар жүйе жаһандық мәселелерді туғызуы заңды және түсінікті. Құқықтық – қылмыстық жүйе үшін жаңа зерттелмеген, таңсық әлем пайда болды. ҚР ҚК бойынша компьютерлік ақпарат тікелей заң бойынша қадағаланады. Оның негізінде «тұлға, қоғам және мемлекет» триадасы бойынша ақпарат көп сипатты болады. Мәселен, жеке құпия, отбасылық және кәсіптік, профессионалдық, мемлекеттік және қызметтік құпия нормалары анықталған. ҚК ақпараттық қауіпсіздік және өзге де осыған байланысты баптардың түсініктілік дәрежесі мен корректілігі күмән туғызады. Кейінгі жылдары ЭЕМ арқылы өзгенің рұқсат етілмеген ақпараттарын жою, өзгерту және тарату арқылы пайда табу әрекеттеріне тосқауыл бар. Аталмыш әрекеттер тек жүйелік проблемаларға емес, сонымен қатар, жеке қолданушының моральдық, қоғамдық, психологиялық санасына орасан зор шығын әкелді, авторлық құқықтар сақталмайды, сондай –ақ, байқалмаған және тіркелмеген қылмыстардың да саны көп, ол қылмыс деп есептелмейді. Қазіргі уақытта қылмыс жасау көбіне осындай кеңістіктерде жүзеге асырылып отырғанын ескерсек, оған деген қатынастың және бақылаудың жаңа дәрежеге көтерілгені жөн.

Халықаралық қатынастар негізінде әр мемлекет өз деңгейінде және түсінігінде түрлі заңдар қабылдауда. Мысалы, 2000 жылы АҚШ ғалымдары 52 мемлекеттің аталмыш тақырып бойынша қабылданған заңдарын зерттеу жұмыстарының нәтежиесінде 10 ортақ жүйе тауып, 4 категорияға біріктірген:

- Ақпаратқа байланысты қылмыстар, оны ұрлау және модификациясын қоса алғанда;

- Компьютерлік жүйеге байланысты, оның жұмысына тосқауыл қою және қоқан – локқы көрсету бойынша;

- Хакерлік және вирус тарату;

- Компьютерлік алаяқтық.

Аталмыш қорытындыларды есепке ала отырып, ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын «қылмыстарды» толық бақылауға алу қажеттілігі сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлемде орын алып жатқан техникалық, технологиялық прогресс әлеуметтік және мәдени тұрғыдан терең өзгерістерге, салдарға жетелейді. Солардың бірі ретінде, қазіргі мәдениеттің, қоғамдық құндылықтардың «диффузиялық» жағдайда екені белгілі, өз кезегінде, ол девиантты әрекеттердің пайда болуына тікелей әсер етеді, ал виртуалды әлемдегі «адамдар» саны миллиардтан асқан соң бұл өте актуальды мәселеге айналып отыр. Дәстүрлі қоғамда - су мен жерге меншік салу қылмысқа теңелген, индустриалдық кезеңде – капитал негізгі құндылық капитал болса, оны ұрлау немесе заңсыз иелену қылмыс болып есептелген. Қазіргі кезде негізгі құндылық – ақпарат болып табылады, ал оны өзгерту және теріс мақсатта пайдалану алдыңғы кезеңдерден де ауыр қылмысқа теңеледі, себебі, ол кезде «қылмыскер» белгілі болса, қазір, оларды тану күрделі. Аталмыш процесстердің ортақ атауы – кибермоббинг, ақпаратты теріс мақсатта пайдалану, әлеуметтік желілер оның негізгі құралы болып табылады. Бұл жұмыста кибермоббингтің саяси, әлеуметтік және психологиялық аспектілерін барынша ашуға тырыстық, нақты мәдениеттанулық тұрғыда ғалымдар қазақстандық қоғамның ерекшелігін бағамдау мақсатында Әуезхан Қодар, Тұрсын Ғабитов сынды ғалымдардың еңбектеріне мән бердік. Оған қоса, Маклюэн, Тоффлер, Шиллер, Рошкофф, Лебон, Зиновьев, Луман, Маркузе, Тойнби, Хантингтон, Делез, Ницше, Фрейд сынды мәдениет зерттеушілердің іргелі еңбектерін де назардан тыс қалдырмадық. Кибермоббинг сынды мәселенің негізін мәдениеттанулық тұрғыдан талдауымыз өте маңызды болып табылады, ақпараттық кезеңде әр жаңа құбылысқа объективті баға беретін профессионалды БАҚ және ғаламтор модераторлары жоғары болуы маңызды. Еуропа және АҚШ мемлекеттерінде кибермоббинг негізінен экономикалық және финанстық шабуылдар ретінде таралса, ал посткеңестік кеңістікте теріс саяси, діни және мәдени, ұлттық ақпараттар беру кең өріс алуда. Әсіресе, мәдени регреске алып келетін құбылыстардың көптігі байқалады. Әрине, ақпарат уақытында оны шектеу мүмкін емес, бірақ, қазақстандық қоғамда тарихи тамырға қайта оралу маңызды, Әуезхан Қодардың сөзімен айтқанда, идея жоқ. Нақтылы тұрғыдан ұсыныс ретінде:

Біз қазақстандық немесе қазақ мәдениетінің аражігін ажыратып, әлемдік мәдени процесстерден тыс қалып қалмау мәселелерін анықтайық

Мәдениетті нақтылы тарихи және фактылерге назар аударып, бізге «енгізілген» емес, өзіміздің төл мәдени бастауларымызға оралуымыз қажет

Қоғамдық мәселелерді нақты сол бөлімде білімі бар, профессионалдық деңгейі бар адамдар шешуі және жасауы тиіс, қоғам «көрінгеннің» шығып, еш негізсіз ойлары мен әрекеттерінің «зертханасы» емес, арнайы комитет құру мәселесін көтеру

Өзге мемлекеттер тәжірибесін де қарастыру, Қазақстан әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде болып жатқан процестерге қатынасуы тиіс

Дін мәселесін қайта қарау, Қазақстан заманауи зайырлы мемелкет болып табылады, Ата Заңымызда осылай делінген, осы мәселеге назар аударсақ. Әлемдік және қазақ мәдениетін толық білу үшін арнайы зерттеу мақсатында шет ел университеттерімен нақты қатынас орнатып, тәжірибе алмаса білу мүмкіндіктерін көбейту. Қазақ жерінің өзінде де әлі де зерттелмген мәдени-тарихи орындар жетерлік, осыған мән берсек. 1911 жылы Алаш Орда үкіметінің Конституциясында «Қазақ – алдыңғы қатарлы мемелкет болғысы келсе, басындағы шалмасы мен аяғындағы мәсісін тастауы тиіс, жастары білімді, жалынды Батысқа қараған, Шығыстағы Жапон, Корей мемлекеттеріне де мән берген болуы тиіс, ашық және демократиялы қоғам болуы қажет» деп көрсеткендей, жастарға мүмкіндік беру. Әуезхан Қодар айтпақшы, «Біз өзімізге Құдай таңдау арқылы, болашағымызды да таңдаймыз», сол себепті жарқын болашақты таңдайық.

БАҚ және ғаламтордағы болып жатқан құбылыстарға ден қойсақ, әрине, қазіргі уақытта оны тұсау қисынсыз көрінуі мүмкін, дейтұрғанымен де, онда не болып жатқанына мән берсеңіз жағдайды түсінгендей болар едік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кириллова Н. Б. Медиасреда российской модернизации / Н. Б. Кириллова. – М. : Академический проект, 2005. – 400 с.
- 2 Медиакультура и ее роль в современном информационном обществе // Омский научный вестник. № 5 (122). – 2013. С. 226-228.
- 3 Маклюэн Г. М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека. — Перевод с английского: В. Г. Николаев. — М., 2003.—38-45С.
- 4 Тоффлер, Э. Шок будущего / Э. Тоффлер. - М. :- АСТ, 2005- 140-157С.
- 5 Шиллер Г. Манипуляторы сознанием. [Djv-14.4M] Перевод с английского: Часть I - В М. Погостин, Часть II - А.Н. Бурмистенко. Научный редактор Я.Н. Засурский.
- 6 Рошкофф Д. Медиавирус. Как поп-культура тайно воздействует на наше сознание. - Москва, 2006
- 7 Гюстав Лебон Психология народов и масс. — М.: Академический проект, 2011. — 238 с.
- 8 Зиновьев А.А. Запад. Феномен западнизма. - М.: Центрполиграф, 1995
- 9 Луман Н. Глобализация мирового сообщества: как следует системно понимать современное общество // Социология на пороге XXI века. Основные направления исследований / Под ред. С.И. Григорьева, Ж. Коэнен-Хуттера. М.: «РУСАКИ», 1999. – С.
- 10 Маркузе Г. Одномерный человек // Американская социологическая мысль: Тесты / Под ред. В. И. Добренькова. М.: Издво МГУ. 1994. С. 121-146. (Текст представляет собой предисловие, часть первой главы и заключение кн.: Marcuse H. Der eindimensionalen Mensch. Berlin 1967. S. 11-38, 258-268. Перевод А. Букова.
- 11 Ғабитов Т.Х Қазак мәдениетінің тарихы – Алматы, 2000. – б.
- 12 Анти-Эдип: Капитализм и шизофрения / Ж. Делез, Ф. Гваттари; пер. с франц. и послесл. Д. Кралечкина; науч. ред. В. Кузнецов. — Екатеринбург: У-Фактория, 2007. — 672 с. (Philosophy). — Перевод изд.: Capitalisme et schizophrénie. L'Anti-Œdipe / Gilles Deleuze, Felix Guattari.
- 13 Даниэль Галеви. Жизнь Фридриха Ницше. Рига, 1991. С. 14с.
- 14 Делез Ж., Гваттари Ф. Что такое философия? (2009). – С.
- 15 Гофман А.Б. Эмиль Дюркгейм в России. Рецепция дюркгеймовской социологии в российской социальной мысли. М., ГУ-ВШЭ, 2001
- 16 «The Energy and Emergy of the Internet», Varath Raghavan (ICSI) and Justin Ma (UC Berkeley), in Proceedings of the 10th ACM Workshop on Hot Topics in Networks, 14-15 November 2011, Cambridge, MA, USA. ACM SIGCOMM. A Civil Perspective on Cyber Security,» авторы – Джейн Холл Льют и Брюс Макконнелл, от 14 февраля 2011 г., журнал Wired. См.
- 17 Эллиен Накашима, статья «U.S., Russia Agree to Set Up Computer Security Link» («США и Россия договорились строить отношения в сфере компьютерной безопасности»), Washington Post, материал от 18 июня 2013 г., стр. 10).

- 18 материал Эрнесто Лондоно “Hagel chides China for cyberspying, which draws rebuke from a general” («Хейгл упрекает Китай в шпионаже и вызывает ответную критику со стороны генерала»), Washington Post 2 июня 2013 года, стр. А15.).
- 19 Комитет по статистике МНЭ РК
- 20 Кодиров З. З., Адашова С. Р. Психологическое воздействие социальных сетей на студентов // Молодой ученый. – 2016. – №4. – С. 151-154.
- 21 Том МакДональд «Социальные сети Китая»
- 22 Ильин А. Н. Борьба идей в интерпретации явления массовой культуры // Ом. науч. вестн. — 2009. — № 1 (75). -С. 102-104.
- 23 Ильин А. Н. Аскетизм и гедонизм массовой культуры // Психопедагогика в правоохранительных органах. — 2009. — № 4 (39). 59-63С.
- 24 Источник: <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=661722>
- Василенко, Л.А.; Рыбакова, И. Информационная культура в системе государственного управления / Рос. акад. гос. службы при Президенте Рос. Федерации. - М.: Изд-во РАГС, 2004. - 147 с.
- 25 Гайдарева И. Н. Социокультурная среда как фактор формирования информационной культуры личности - Майкоп: Аякс, 2002. – 87 С.
- 26 Жожиков А.В. Теоретические основы формирования региональной информационной культурно-образовательной среды в сети Интернет: (на примере Республики Саха (Якутия) / Рос. акад. образования, Ин-т информатизации образования - М.: Образование и Информатика, 2004. – 69С.
- 27 Зыков В.В. Основы информационной культуры / М-во общ. и проф. образования Рос. Федерации - Тюмень: Изд-во Тюм. гос. ун-та, 1999. – 201С.
- 28 Негодаев И.А. Информатизация культуры. М., 2007. – 88С.
- 29 Полищук В.И. «Культурология». М., 1998. – 73С.
- Радугин А.А. «Культурология». М., 2003. – 93С.
- 30 Философия. Под ред. С.М. Яшкина. М., 2004. – 23С.
- 31 Фрейд З. Либидо. М., 1996. – 98С.
- 32 Фрейд З. Психоанализ. –М., 2003. – 250 с.
- 33 Тотем и табу, Новый век, М, 2001. – 57С.
- 34 Недовольство культурой, М, 1997. – 39С.
- 35 Я и Оно, М, 1997. – 115С.
- 36 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодий, М, 2003. – 251С.
- 37 Основы философских знаний. Алексеев. П. В., Большаков. А. В. М., 1982. - 132С.
- 38 Современная буржуазная философия и религия. Куликов. В. И., Халенков. А. Ф. М., 1977. - 258С.
- 39 Фрейд. З. Будущее одной иллюзии, М., 1990 – 78С.
- 40 Огольцова Н.Н., Вострикова Е.А. Формирование информационной культуры средствами компьютерной графики / Ин-т повышения квалификации – Новокузнецк: Изд-во ИПК, 2003. - 24С.
- 41 Скворцов Л.В. Информационная культура и цельное знание. - М., 2001. - 288 с.

- 42 Юнг К.Г "Архетип и символ", М., 1991. – 37С.
- 43 Введение в культурологию под редакцией Е. В. Попова, М.: ВЛАДОС, 1995. – 85С.
- 44 Гердер И. Г. "Идеи к философии истории человечества", М., 1977. – 31С.
- 45 Бондаренко Л.И.Моя жизнь – история реализации бессознательного, "Человек" № 2, 1995. – 48С.
- 46 К. Г. Юнг "Эпилог", "Человек" № 2, 1995. – 123С.
- 47 Полищук В.И. «Культурология». М., 1998. – 257С.
- 48 Васенин В.А. Информационная безопасность и кибернетический терроризм // Сб.: Научные и методологические проблемы информационной безопасности. Под ред. В.П. Шерстюка.- М.: МЦНМО, 2004. - 91С.
- 49 Леонов С. Реальная виртуальность // Компьютерра, 1998, № 9, С. 38 - 50
Программист - диверсант. // За рубежом, 1998, сентябрь.
- 51 Соколов А.В., Степанюк О.М. Защита от компьютерного терроризма.- СПб: БХВ - Петербург, 2002. – 123С.